

# ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 12 (9589) 1955 жылғы 18 январь Сейсенбі Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## Колхоздардағы есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстары

Кәзір колхоз деревнясы ең қуанышты кезеңді бастан өткізуде. Колхозшылар колхоз өміріндегі маңызды оқиға — есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірленуде. Есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарында колхоздардың өткен бір жылдағы шаруашылық жұмысының қорытындылары шығарылып, талқыланады, артель басқармаларының, председателдерінің өткен бір жыл ішіндегі істеген жұмыстарының қандай дәрежеде болғандығы тексеріледі, колхоз шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктер ашылады, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайтушы шаралары белгіленеді.

Міне сондықтан да колхоздарда есеп, есеп беру-сайлау жыйналыстарына мезгілінде, үлгілі әзірленіп, оны ұйымшылықпен өткізудің маңызы ерекше зор. Өйткені, колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарының жақсы әзірлік пен барлық колхозшылардың түгел қатысуы, сын мен өзара сынның кең өрістеуі жағдайында өткізілуінің шаруашылықтың бүкіл саласын шапшаң қарқынмен өркендетуге, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайта беруге, қоғамдық байлықты онан сайын арттыруға, колхозшылардың материалдық әл-ауқат дәрежесін үсті-үстіне жақсарту беруге қалайы жағдай туғызатындығы сөзсіз.

Мұны облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының мысалынан жылма-жыл айқын көріп отырмыз. Облыстың озат колхоздары өткен жылдардың үлгісімен есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарына бйыл да тыңғылықты әзірлік жүргізуде. Бұл жөнінде Петропавл ауданындағы Димитров атындағы колхозды мысалға алуға болады. Мұнда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік кезінде қолға алынды да, ол тыңғылықты жүргізілді. Жылдық есепті шығаруға тандаулы есепшілер, экономистер, агрономдар мен зоотехниктер және тағы басқа да мамандар қатыстырылды. Соның нәтижесінде аталған колхозда жылдық есеп кезінде тынақты түрде шығарылды. Енді бірер күннен кейін колхозда есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізілетіні отыр.

Есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік облыстың басқа да бірнеше колхоздарында ойдағыдай аяқталып келеді. Мәселен, Полудень ауданының көптеген колхоздары жылдық есепті

налыстарына әзірліктегі мұндай өрескел кемшіліктерді тезінен жойып, оны ұйымшылықпен жүргізу жөнінде әлі ешбір шаралар қолданған жоқ.

Соқолов ауданындағы Налобин МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да жағдай дәл осы сыяқты. Мұндағы колхоздарда жылдық есеп шығару ісі әлі күнге дейін аяқталмаған. Ал бұдан колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарының уақытында өткізілмей, тым ұзаққа созылу қаупі туып отыр. Амал не, бұл МТС, колхоз басшыларын ешбір қыжылтатын көрінбейді.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізу — саяси-шаруашылық маңызы орасан зор науқан. Сондықтан әрбір колхозда есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарына жақсы әзірлік жүргізіп, оны жоғары дәрежеде, ұйымшылықпен өткізу — партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Біздің облысымызда өз шаруашылықтарын өркендетуде артта қалған, әсіресе егін мен мал шаруашылығынан аз табыс алып жүрген колхоздар аз емес. Көп колхоздарда егін шығымдылығы әлі төмен, мал басының өз төлі есебінен көбейтілуі тым шабан, малдан алынған өнім де мардымсыз. Партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық органдары есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарында мұндай артта қалушылықтың себебін бапты ашылуын, шаруашылықты жаң-жаңы өркендетуге бөгет болып отырғанның бәрін жоюдың тиісті шараларының белгіленуін қамтамасыз етуге міндетті. Мұның өзі колхоздарда есеп беру-сайлау жыйналыстарының колхозшылардың басым көпшілігінің қатысқан жағдайында, сын мен өзара сынның кең өрістеген жағдайында өткізілуін қамтамасыз ету керек деген сөз.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайтуда табысты дұрыс бөлудің маңызы ерекше. Облыстың бірқатар колхоздарында табыс әлі күнге дейін дұрыс бөлінбей жүр. Әсіресе бөлінбейтін қорларды толықтырудың, оны жұмсаудың жайы тым нашар. Есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарында табысты есептеудегі және оны бөлудегі, жұмсаудағы кемшіліктер батыл сыналуда тиіс.

Бейбір колхоздарда колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы дұрыс бөлінбейді.

## Облысымызда және Қалада



Петропавл паровоз депосы шаруашылық цехының слесары С. Самороков бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста елеулі табысқа ие болуда. Ол сменалық норманы екі еседен асыра орындайды. Суретте: слесарь С. Самороков жұмыс үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

### 200 мың гектар тың игеріледі

Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері СОБП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қауымына жүзеге асыру күресіне белсене араласуда. Өткен жылы облыс колхоз, совхоздары жүздеген мың гектар тың және тынайған жерлерді игерді. Тың жерлерді көтеру есебінен совхоздардың егістік аланы 3,6 есе көшейді. Бұл күндері облыс колхоздары мен совхоздары тың жерлерді онан әрі игеру жұмыстарына әзірленуде. Бйыл облысымызда 200 мың гектар тың және тынайған жерлер игеріледі. Бірқатар совхоздар мен колхоздар бұл жерлерге әзірлену жұмыстарын жүргізіп отыр.

### Жаңа қоныстанушылардың үгіт пунктінде

Октябрь ауданындағы Интернационал совхозының үгіт пункті клуб үйіне орналасқан. Кешқұрым жұмыстан бос уақыттарында үгіт пунктіне көптеген жаңа қоныстанушылар жыйналады.

Бүгін Иван Цверкунов жолдас үгіт пунктіне өзінің транспорт бригадасының мүшелерімен бірге келіпті. Бұл механизаторлардың қаладан совхоздың адресіне келіп түскен жаңа вагоншалар мен ауыл шаруашылығы саймандарын алып қайтқан беті болатын. Олар осындай жұмыстан кейін үгіт пунктіне мәдениетті дем алуға келді. Олардың біреуі жаңа газет-журналдарды оқуға, ал екіншілері шахмат, дойбы ойнауға кірісті.

Үгіт пунктіне қойылған үлкен столдың үстінде жаңа газет-журналдар және сайлау әдебиеттері тәртіптен орналастырылған. Совхоздың кадр жөніндегі инспекторы Тихон Елань магазин менгерушісі Аня Алексеевко және электрик Николай Коновалов осы столда сайлау әдебиеттерін оқып, өздерінің сайлаушылармен өткізетін келесі әңгімелеріне әзірленіп отыр.

Үгітшілер Аня Алексеевко мен Николай Коновалов өз сайлаушыларының үйінде бірнеше рет болып, әртүрлі тақырыпта әңгімелер өткізді. Олар кезекті әңгімелері жергілікті фактілермен, совхоздың алдында тұрған міндеттермен үнемі байланыстырып отырады. Міне, сондықтан да, олардың әңгімелері әсерлі болып, сайлаушылар көңіл қоя тындайды.

Совхозда 12 үгітші бар. Олардың бәрі де алдыңғы қатарлы еңбек озақтары. Кәзір совхоз үгітшілері партия ұйымының басшылығымен сайлау алдындағы саяси үгітті кеңінен өрістетіп, сайлаушыларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіруде.

Е. САҒЫНДЫҚОВА.

### Тұқым таза және ұқыпты сақталуда

Ленин атындағы колхоз (Койнов ауданы) егіс көлемін жыл сайын ұрайтып келеді. Мұнда алдағы кезеңде егіс көлемі 1954 жылғыдан 1000 гектардан аса ұлғайтылады. Колхозшылар келесі жылдың егісі үшін пар мен зәбьті мол әзірлеп қана қойған жоқ, сонымен бірге, барлық егіс көлеміне жеткілікті тұқым әзірледі.



Шағын двигательдер зауыдының қайрақшысы Л. Яковлева жолдас үш станокта бірдей жұмыс істеп, жылдық жоспарды орта есеппен 220 проценттен асыра орындады. Суретте: Л. Яковлева жолдас кезекті тапсырманы орындау үстінде. Суретті түсірген Г. Иванов.

### Алдағы күннің қамы үшін

Октябрь ауданы Дзержинский атындағы совхоздың жаңа қоныстанушылары январь айының бірінші онкүндігінде еселеген қарқынмен еңбек етіп, жаңа еңбек табыстарына жетісті. Совхозда тұқым тазалау қызу қарқынмен жүргізілуде. Жабьқ қырманда тұқым тазалайтын машиналар тоқтаусыз жұмыс істейді. Әсіресе Валя Комлина жолдасын звеносы өзінің игі еңбегімен көзге түсуде. Звенодағы қыздар смена сайын 8 тоннаның орнына 10-12 тонна тұқым тазалайды.

Совхоз жұмысшылары жергілікті материалдың құндылығын ескеріп, жаңа құрылыстар үшін қамыс әзірлеу жұмысын да тоқтатқан жоқ. Трофим Залипунин жолдасының тапсырмасымен бұл жұмыс қызу жүргізіліп отыр.

### Советтердің сайлауына әзірлік

### Біздің колхозда

Шаруашылық жұмыстардың жоспарда, қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, көңілдегідей жүзеге асуы үшін еңбек адамдарының жұмысты саналы түрде, не үшін өткереіп жатқанын біліп істеуі қажет екені кімге болса да түсінікті. Еңбекке социалистік тұрғыдан қарау — міне бізге керекті осы. Бұл істе, сөз жоқ, кеңінен, мазмұнды, идеялық дәрежесі жоғары жүргізілген бұқаралық-саяси жұмыс, жауынгерлік үгіт өз ролін атқарады. Біздің «Бұлақ» колхозының (Ленин ауданы) бастауыш партия ұйымы үгіт-насихат, бұқаралық-саяси жұмыстарға әрі қарай да зор көңіл бөліп отырады. Еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қаулы-қарарларын, маркстік-лениндік ілім қағидаларын кеңінен насихаттап отыру үшін саяси біліммен жеткілікті қаруланған, шебер насихатшы, жалынды үгітші, ескер адамдар қажет екендігін ескере келе, бастауыш партия ұйымы ең алдымен бұқараның саяси басшысы болып табылатын коммунистердің авангардтық ролін арттыруды көздеп отыр.

Колхоз партия ұйымының есебінде 22 коммунист және СОБП мүшелігіне қанықтат бар. Бұлардың бәрі де кәзір СОБП тарихын үйренуде. Бастауыш партия ұйымы өзінің үйренуші коммунистерге көмек беру мақсатын көздеп, өз мүшелері есебінен лекторлар тобын құрды.

Мәселен жетіжылдық мектептің директоры, СОБП мүшесі Асқаров жолдас коммунистер алдында да, сондай-ақ колхозшылар алдында да әртүрлі тақырыптарда жиі-жиі лекциялар оқып отырады. СОБП тарихының қысқаша курсы программасы бойынша Асқаров жолдас коммунистерге арнап, оқу жылының басынан бері үш лекция оқыды.

Алайда біздің колхозының маркстік-лениндік теорияны өзінің үйренуі жүрген коммунистері аудандық партия комитетінен, әсіресе оның насихат және үгіт бөлімінен, сонымен бірге Куйбышев МТС-і аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобынан аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөніндегі секретары Рыбаков жолдас күні осы уақытқа дейін бірде-бір көмек, не нұсқау алып көрсен емес.

Колхоз партия ұйымы және оның секретары М. Яковлев.

жыйналыстарына қызу әзірлеуде. Ал, осы аудандағы Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздар тарауы екі-үш күннің ішінде жылдық есепті шығаруды толық аяқтап, дереу есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізбекші.

Дегенмен, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік жұмыстары барлық жерде бірдей тынақты жүргізіліп отыр деп айта алмаймыз. Облыстың бірсыпыра колхоздарында мұндай маңызды науқанға әзірлік мейлінше баяу жүргізіліп отыр. Тіпті кейбір колхоздар бұл науқанға әзірлік жұмыстарын осы бертінде ғана қолға алды. Мұндай колхоздардың басшылары уақытты ұттырмай, есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарына дайындық жұмыстарының қарқынын барынша тездетудің тиісті шараларын қолдануға тиісті еді. Бірақ не пайда, көп жерлерден бұл байқалмай отыр.

Жылдық есеп шығарудың, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірліктің жайы Октябрь ауданының колхоздарында да қанағаттанғысыз. Ауданның көптеген колхоздарында жылдық есеп әлі күнге дейін шығарылып біткен жоқ.

Бұл үшін мысалға Торангүл МТС-нің қамтуындағы колхоздарды алғанның өзі ақ жеткілікті. МТС-нің қамтуындағы колхоздар жылдық есеп шығаруға жаңа ғана кіріскен. Соның өзінде оларда жылдық есеп шығару ісі мүлде нашар, сылбыр жүргізілуде. Бұл жағдай аудан басшыларына да, МТС басшыларына да әбден белгілі. Алайда олар есеп беру-сайлау жый-

налыстарына әзірлік жұмыстарына қызу әзірлеуде. Ал, осы аудандағы Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздар тарауы екі-үш күннің ішінде жылдық есепті шығаруды толық аяқтап, дереу есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізбекші.

Дегенмен, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік жұмыстары барлық жерде бірдей тынақты жүргізіліп отыр деп айта алмаймыз. Облыстың бірсыпыра колхоздарында мұндай маңызды науқанға әзірлік мейлінше баяу жүргізіліп отыр. Тіпті кейбір колхоздар бұл науқанға әзірлік жұмыстарын осы бертінде ғана қолға алды. Мұндай колхоздардың басшылары уақытты ұттырмай, есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарына дайындық жұмыстарының қарқынын барынша тездетудің тиісті шараларын қолдануға тиісті еді. Бірақ не пайда, көп жерлерден бұл байқалмай отыр.

Жылдық есеп шығарудың, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірліктің жайы Октябрь ауданының колхоздарында да қанағаттанғысыз. Ауданның көптеген колхоздарында жылдық есеп әлі күнге дейін шығарылып біткен жоқ.

Бұл үшін мысалға Торангүл МТС-нің қамтуындағы колхоздарды алғанның өзі ақ жеткілікті. МТС-нің қамтуындағы колхоздар жылдық есеп шығаруға жаңа ғана кіріскен. Соның өзінде оларда жылдық есеп шығару ісі мүлде нашар, сылбыр жүргізілуде. Бұл жағдай аудан басшыларына да, МТС басшыларына да әбден белгілі. Алайда олар есеп беру-сайлау жый-

налыстарына әзірлік жұмыстарына қызу әзірлеуде. Ал, осы аудандағы Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздар тарауы екі-үш күннің ішінде жылдық есепті шығаруды толық аяқтап, дереу есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізбекші.

## „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінде

ФИН ҒАЛЫМЫ ФЕЛИКС ИВЕРСЕНГЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАЛИНДІК СЫЙЛЫҚ ТАПСЫРЫЛДЫ

Осы жылғы 14 январьда Кремльдің Свердлов залында фин ғалымы, «Финляндиядағы бейбітшілікті жақтаушылар» ұйымының вице-президенті, Хельсинки университетінің профессоры Феликс Иверсенге халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру салтанаты болды. Мұнда көрнекті совет ғалымдары, ССРО Ғылым академиясы институттарының ғылыми қызметкерлері, Мәскеу университетінің физика-математика факультетінің деканы академик А. Н. Колмагоров, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің президенті Н. С. Тихонов, педагогикалық ғылым академиясының вице-президенті А. И. Маркушевич, совет әйелдерінің антифашистік комитетінің мүшесі профессор П. Я. Кочина, композитор Ю. А. Шапорин лауреатқа жылы шырайлы сөздерін айтты. Олар бейбітшілік жолындағы қажымас күрескер — Феликс Иверсеннің еңбектерін жоғары бағалады. Шығып сөйлеушілер сонымен қатар совет адамдарының Финляндия халқына деген достық сезімдері туралы айтып, совет - фин халықтарының достығы мен өзара түсінушілігі бұдан былай да артып, нығая береді деген сенім білдірді.

Сыйлық тапсыру салтанатында Финляндияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочиялы Елшісі О. Гарц болды.

Феликс Иверсенге Сталиндік бейбітшілік сыйлығы тапсырған комитеттің мүшесі жазушы А. А. Фадеев оны Финляндиядағы бейбітшілікті жақтаушылардың көрнекті басшысы, бейбітшілікті қорғау жолындағы халықаралық қозғалыс-

тың аса үздік қайраткері ретінде құттықтады.

Мәскеу университетінің физика-математика факультетінің деканы академик А. Н. Колмагоров, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің президенті Н. С. Тихонов, педагогикалық ғылым академиясының вице-президенті А. И. Маркушевич, совет әйелдерінің антифашистік комитетінің мүшесі профессор П. Я. Кочина, композитор Ю. А. Шапорин лауреатқа жылы шырайлы сөздерін айтты. Олар бейбітшілік жолындағы қажымас күрескер — Феликс Иверсеннің еңбектерін жоғары бағалады. Шығып сөйлеушілер сонымен қатар совет адамдарының Финляндия халқына деген достық сезімдері туралы айтып, совет - фин халықтарының достығы мен өзара түсінушілігі бұдан былай да артып, нығая береді деген сенім білдірді.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Феликс Иверсен жыйналғандар қолшалақтап бірнеше рет бөлген өзінің жауап сөзін сөйледі.

(СОТА).

қарғын тазалауды аяқтады. Суворов атындағы, Пушкин атындағы, Интернационал, Ново-Георгиевская және Налобин МТС-терінің қамтуындағы колхоздар тұқым күй-дың жоспарын толық орындады.

Л. ПРОХОРОВА.

## Жаңа құрылыстар

Мамлют ауданының Куйбышев атындағы колхозында құрылыс жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Колхозда арнаулы жеті аламан құрылған құрылысшылар бригадасы жұмыс істейді. Оны еңбек озаты Иван Бадырь жолдас басқарады.

Бригада өткен жылы 120 бас мал тұратын стандартты сыйыр қорасын, 125 бас төл тұратын қора және 120 тонна астық сыятын қойма құрылыстарын аяқтап, пайдалануға берді. Колхозшылар үшін 12 тұрғын үй салынды.

В. ЕРКІНОВ.

## Оқушылар концерті

Преснов ауданындағы Баян орта мектебінің оқушылары Киров атындағы колхоздың колхозшыларына концерт қойып берді. Концерттің программасында Ш. Құсайыновтың «Әлештегеннің әлегі» деген екі актылы пьесасы және совет композиторларының әндері бар.

Концерттің басқарушысы Дронов, Габбасова, Сұлтанқазина Абайдың «Өңгеге көңілім тоярың», Төлебаевтың «Жылқышы әнін» және басқа әндерді өте шебер орындады.

С. ҚАНАФИН.

## Туысқандар кеші

Совет ауданының аудандық кітапханасы «оқушыларды семья мен мектепте тәрбиелеу—игілікті іс» деген тақырыпта туысқандар кешін өткізді. Осы тақырыпқа арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларды тәрбиелеу жөнінде оқылатын әдебиеттердің тізімі ілінді. Кеште Смирнов орта мектебінің мұғалімдері В. Глухова «Оқушылардың достығы», Т. Савченко, «Ер балалар мен қыз балалардың достығы» деген тақырыпта баяндамалар жасады.

М. ДВОРЯНЧИКОВА.

## Әсем, берік киімдер пігуде

Көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарының бірі — қалалық сауда бөлімінің өндіріс комбинаты. Өнімді мол шығарып, оның сапасын жақсартуға бері, өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарыс өткен жылы кең өрістетілді. Коллектив мүшелері жалпы өнім шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Тек үнемделген материалдардың өзінен 37 мың сом пайда келтірілді.

Халқымыздың күнбе-күн өсіп отырған мәдени-тұрмыс дәрежелері социалистік өнеркәсіптен тек сапалы, арзан, бұйымдарды өндіріп шығаруды талап етеді. Бұл орынды талапқа комбинат коллективі үнемі құлақ асып, тұтынушылар ті-

лекхозшылар дөңді дақылдар тұқымын тазартуды ерте қолға алды. Бұл жұмысқа жалғыз «ВМ» машинасы ғана емес, басқа да астықтазартқыш машиналар пайдаланылды. Тұқым тазарту жұмысы екі сменада жүргізілді. Колхозшы Андреева, Коркина, Анекдинова тағы басқа жолдас-тар сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындайды.

Осының нәтижесінде колхоз қолда бар дөңді дақылдар тұқымын түгел және жоғары сапада тазартып болды. Тазартылған тұқым жақсы жабықталған қоймаларда ұқыпты сақталуда. Сондай-ақ колхозшылар техникалық, өвощі дақылдарының, картоптың тұқымдарын ұқыпты сақтауға да ерекше назар аударып отыр.

Б. ЖӘКЕНОВ.

## Көтеріңкі міндеттеме

Преснов ауданындағы Приешім совхозының механизаторлары 1955 жылдың февраль айының есебіне жұмыс істеуде. Совхоз механизаторлары өткен жылдың төртінші тоқсанындағы трактор жөндеудің жоспарын мерзімінен бұрын орындап шыққан болатын. Осы жылдың 11 январына дейін олар жоспардағы 36 трактордың орына, 40 тракторды сапалы жөндеуден өткізді. Ал, январь айының бірінші онкүндігінде 16 трактор жөнде-ліп шықты.

Совхоз механизаторлары сайлау жұрметіне көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, социалистік жарысқа ұиғасқан. Олар январь айының аяғына дейін барлық тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеуден өткізіп, жөктемгі өгіске сақдай сай етуге міндеттенді.

Е. ИВАНОВА.

## Ильич шамы жанды

Полудень ауданының «Парижская коммуна» колхозы 27 мың сомға электр станциясын сатып алды. Көзір бұл станция пайдалануға беріліп колхозшылардың үйлеріне, қоғамдық мекемелерге және мал фермаларына жарық беруде. Сондай-ақ, «Красное знамя», «Прогресс» колхоздарының электр станциялары да колхозды деревняға жарық бере бастады.

Б. ЕЛЕМСОВ.

жұмының ішінде Сағанаас көлінен 10 мың шаршыметр қамыс тасыды.

Л. НИКЛАЕВА.

## Ұтыстар төлеу

Облысымыздың сақтық кассалары 1954 жылы заем ұстаушыларға ССРО мемлекеттік земдарының ұтыс және өтеу тираждары бойынша 12 миллион 855 мың сом төледі. Тек осы жылдың январь айының бірінші декадасында ғана қаланың сақтық кассалары 1948 жылы шығарылған 2 проценттік және 1952 жыл шығарылған ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемдары бойынша 550 мың сомнан астам қаржы төледі. Мұның ішінде 5 мың сомдық 2 ұтыс бар. Сондай-ақ аудандардың сақтық кассалары да заем ұстаушыларға жүздеген мың сом ақша төледі.

В. ДАМАСКИН.

## Жұмысшылар тартуы

Қаладағы жылу электр орталығының коллективі біздің балалар үшін қамқорлыққа алған болатын. Бұл коллектив мүшелері балалар үйлерінде болып оқушылармен жиі-жиі кездесулер өткізеді. Тәрбиешілерге арнап түрлі тақырыптарда лекциялар оқиды.

Жақында әйелдер советінің председатели А. Медведева жолдас басқарған жылу электр орталығының үш адамнан құрылған делегациясы балалар үйіне келіп қайтты. Олар оқушыларға радиоқабылдағыш, патефон, шахмат, дойбы, балалайка, 1,5 мың кітабы бар кітапхана және көптеген ойыншықтар тарту етті.

К. АЯЖАНОВ.

## МТС көркемөнерпаздары

Полудень МТС-інде көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Оның құрамында 25 адам бар. Көркемөнерпаздар үйірмесін МТС кітапханасының меңгерушісі Яковсон жолдас басқарады.

МТС көркемөнерпаздары механизаторларға, МТС қамтуындағы колхоздардың колхозшыларына концерттер қойып беріп тұрады.

Б. ЖАРҚЫНОВ.

Е. СӘДУОВ.

## Партия кітапханасында

Қалалық партия комитетінің кітапханасында (меңгерушісі Ольшанская жолдас) Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына арналған кітап витриналары мен естеліктер ұйымдастырылды. Бұл сайлаушылар арасында саяси-бұқаралық жұмыс жүргізіп жүрген үгітшілерге үлкен көмек беруде. Сондай-ақ мұнда сайлау жөніндегі материалдарға байланысты консультациялар өткізіліп тұрады.

Партия комитетінің кітапханасында сайлаушыларға арналып, сонымен бірге үгітшілерге көмек ретінде оқылатын лекциялардың тақырыптары жоспарланып бекітілді.

М. ЖАЙЛАУОВ.

Қ. МҰСТАФИН.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия ұйымдарының ролі күшейтілсін

Полудень аудандық ІХ партия конференциясынан

Конференцияда аудандық партия комитетінің есебі туралы баяндама жасаған ККП аудандық комитетінің секретары Друзиния жолдас жұмыстағы кемшіліктердің бетін батыл ашудың орнына, кейбір табыстарға масаттанып, делегаттардың назарын түбірлі мәселелерге аудармады. Рас, аудан колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын, зияб жартуды ойлағандай орындады.

Бірақ бұл табыс аудан партия ұйымының ауыл шаруашылығына басшылық етудегі елеулі кемшіліктерін тіпті де бүркемелей алмайды. Өйткені мемлекеттің материалдық-техникалық орасан зор көмегіне қарамастан аудандың колхоздары мен МТС-тері және Топаньин совхозы өсініп-жігіп пен мал шаруашылығын өркендетуде әлі де артта қалып отыр.

Аудан колхоздары өткен жылы орта есеппен дәнді дақылдардан небары 7,6 центнер, картоптан 88 центнер ғана өнім жыйнады. Баяндамашы және жарыссөзде сөз сойлеген кейбір басшы қызметкерлер бұл олжылықтың негізгі бір себебін ауа райының қолайсыз болуымен түсіндіргісі келді. Бірақ олардың бұл пікірлерін өсі ауданның озат шаруашылықтарының практикасы жоққа шығарады. Мәселен, «Парижская коммуна», Ленин атындағы, «Победа» ауылшаруашылық артельдері дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 10-11 центнерден, ал кейбір учаскелерден 16-17 центнерден өнім жыйнады. Осы сыяқты, «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артеді әрбір гектардан 210 центнерден өнім жыйнап, картоптың шығындылығын арттыруда елеулі табыстарға ие болды.

Егер аудан колхоздарының барлығы жоғарыда аталған шаруашылықтардай дәнді дақылдар мен картоптың шығындылығын арттырса, астық пен картоп молшылығын жасау ісіне зор үлес қосылған болар еді.

Бірақ, амал не, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті озат шаруашылықтардың үлгісін басқалардың игілігіне айналыра алмады. Ауданның партия, совет ұйымдары колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін техниканы өзіміз пайдалану, көзге егіс, егін өту, егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзім ішінде өткізу міндетіне жеткізгісі жұмылдырды.

Өткен жылдың елеулі кемшіліктерінен тиісті қорытынды жасалды ма? Әзірге мұны айту қиын. Өйткені аудан колхоздарында көптемі егіске әзірлік жұмыстары мүлдем баяу ұйымдастырылған. Егістік алаңдарға қар тоқтату, тұқым тазалау сыяқты маңызды жұмыстарға небары 4-5 колхоз ғана кіріскен.

Ауданда мал шаруашылығының жайы мұнан да нашар. Мал шаруашылығының артта қалушылығының себебі жемпін қорының берік базасы жасалмауынан болады. Бірақ бұлардың екеуі де босқа

бір жыл ішінде қол жеткен табыстарын баяндады. Өткен жылы колхоздың табысы әресе мал шаруашылығы есебінен бес жүз мың сом артты. Кузнецова жолдас сыяқты озат сауыншы әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт сауып, еңбек-жүйіне қосымша ақы ретінде 800 литр сүт алды. Колхоз бір жылдың ішінде 5 автомашина сатып алды. Стаңдаритты мал қорасы, клуб үйі және басқа бірнеше өндірістік ылар салынды. Мал азығын алдын-ала дайындап беру шараларын жүзеге асырудың нәтижесінде қысқы ауні сауын сыйырлардың құнары кемімеді.

Егер аудандық партия комитеті колхоз өндірісіне басшылықты жаңа міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастырған болса, біздің табысымыз анағұрлым мол болар еді. Атап айту қажет, аудандық партия комитеті, оның аймақ жөніндегі жұқаушылар тобы жұмыстың жарамсыз әдісінен әлі де арыла алмай келеді.

Аудандық партия комитетінің аймақ жөніндегі секретары Болдов және ол басқарған жұқаушылар көбінесе телефон арқылы басшылық етеді. Егер олар колхозға келе қалса, председателдер мен бригадирлердің төңіресінен шықпайды. Топ қызметкерлері колхозшы шаруалардың алың бұқарасымен бірге араласып, олар шін енгізе өткізуді, баяндама жасауды ұмыт қалдырып келеді. Жұмысты бұлай ұйымдастыруға болмайды.

Жарыссөзде сөз сойлеушілердің бірқатары мал шаруашылығын өркендетудің перспективті мәселелеріне назар аударды. Егістік жерлердің көлемі артуына байланысты колхоздардың мал жайылымы және шабындық жерлері азайды. Алай га аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті мал жайылымын ұйымдастыру, жемпіннің берік базасы жасаудың перспективті мәселелерін шешпей отыр. Делегаттар томары және ащылы жерлерді өңдеу, сөйтін ол жерлері жайылымдықтар мен шабындықтарға пайдалану жөнінде ұсыныс жасады.

—Чапаяв атындағы колхозда, — деді колхозшы Шановалов жолдас, — жүздеген гектар томарды және ащылы жерлер бар. Бұл жерлерді өңдеу, мал шаруашылығының қажетіне пайдалану жөнінде біз өткен жылы аудандық ұйымдардың алдына мәселе қойдық. Бірақ, амал не, аудандық партия комитетінде бұл жөнінде сөз көп болды, бірақ нақтылы шара қолданылған жоқ.

Колхоз өндірісін өркендетуде, әресе мал қыстату маусымын ұйымдастыруда МТС-тердің ролі мүлде төмен болып отыр. Алайда, Ново-Георгиев, Полудень МТС-терінің директорлары Шевченко, Лосев жолдасстар өздерінің сөздерінде станция-лардың жұмысын жақсарту жөнінде қандай шара қолданып отырғандарын айтуға тиіс еді. Бірақ бұлардың екеуі де босқа

тауыш партия ұйымдарының секретарылары болып колхоз өндірісіне қатысы жоқ саула қызметкерлері, оқытушылар сайланған. Сондықтан олар колхоз өндірісіне партия ұйымының ықпалын арттыра алмай отыр. Бір жылдың ішінде партия қатарына колхозшылардан небары 4-5 адам ғана қабылданған. Бірқатар бастауыш партия ұйымдарында партия жыйналыстары сирек шақырылады, онда шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстың өзекті мәселелері талқыланбайды. Сталин атындағы колхоз партия ұйымында бір жылда небары үш-ақ рет партия жыйналысы өткен.

Осы колхоз партия ұйымынан келген телегат колхозшы Воронко жолдас бастауыш партия ұйымының жұмысына назар аудармайтыны үшін аудандық партия комитетінің ақыл сынады.

—Аудандық партия комитетінің қызметкерлері бастауыш партия ұйымын әлемейді. Біздің колхозда 4 ай бойы партия ұйымының секретары болмауына аудандық комитеттегілер төзіп келді, — деді ол.

Таңқаларлық бір мәселе сол — колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері арасында бұқаралық-саяси жұмыстың қайы қанағаттанғысыз бола тұрса да конференцияда колхоздар мен МТС бастауыш партия ұйымдары секретарларының бірте-бірі сөз сойлемеді. Мұның өзі аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымы секретарларын партиялық жұмыстың практикасына үйретпейтінін, олардың белсенділігін арттырмайтынын айқын дәлелдеді.

Делегаттар Тнушов, Бегалимов жолдас-тар өздерінің сөздерінде кейбір басшы партия қызметкерлерінің бұқара арасындағы саяси жұмыстан қол үзгеніне назар аударды.

—Мен Аманкелді атындағы колхозда 3 жылдан бері председатель болып істеймін, — деді Бегалимов жолдас. — Осы уақыттың ішінде ауданнан келген басшы қызметкерлердің ішінен тек бір-ақ адам, жұқаушы Марков жолдас қана колхозшылар үшін бір-ақ рет лекция оқыды.

Конференцияда бірқатар жерлерде партия оқуы қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отырғаны жөнінде көптеген мысалдар келтірілді. Еріктілік принципінің дұрыс ұғынбау салдарынан Аманкелді атындағы колхоз партия ұйымында коммунистердің бірте-бірі партия оқуына қатылмаған.

—Бұған ең алдымен, — деді аудандық атқару комитеті партия ұйымының секретары Наурызбаев жолдас, — аудандық партия комитеті, оның тиісті бөлмі кінеді. Өйткені ол партия оқуына басшылық пен бақылау ісін әлсіретті.

Еңбекшілер ауылдық Советінің председатели Қунанов жолдас жұмыста өкімділікке салынатыны үшін аудандық Советтің әкелетін әрекеттерінің Засылқин

Совет Үкметінің Франция үкметіне нотасы

13 январьда СССР Сыртқы Істер Министрі Францианың Москвадағы Елшілігіне мынадай мазмұнды нота жолдады:

«ССРО Үкметі Франция үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды.

Франция, Англия, Италия, Бельгия, Голландия, Люксембург сонымен қатар Батыс Германия қатысушылар болып табылатын «Батысевропалық одақ» дейтінді құру туралы Париж келісімдерінде соғыста тұншықтырғыш, улы немесе басқа да сондай газдар мен бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салу туралы 1925 жылғы 17 июндегі Женева Протоколына қайшы келетін ережелер бар, бұл протоколдың депозитарийі (сақтаушысы) Франция үкметі болып табылады.

Жұртқа мәлім, Женева протоколына дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін қол қойылған болатын, бұл соғыс кезінде тұншықтырғыш және улы газдар, сонымен қатар химиялық қарудың басқа да түрлері кеңінен қолданылып, химиялық қаруды қолдануды халықтар батыл айыптаған болатын. Сол кездің өзінде-ақ бейбіт халыққа ең ауыр ауруларды жұқтыру мақсатын көздейтін зиянды бактериологиялық қаруды қолдану қатері де төнген болатын. Мұның өзі жоғарыда аталған Женева протоколы түрінде халықаралық келісімге қол қою қажеттігін тудырды, бұл протокол соғыста тұншықтырғыш, улы немесе басқа да сондай газдар, сондай-ақ бұған ұқсас әртүрлі сұйық заттар, улы заттар мен процестер, сонымен қатар соғыс жүргізудің бактериологиялық құралдары сыяқты жаппай қырғын-жойтын құралдарды қолдануға тыйым салады.

Көзгі уақытта Женева протоколын мемлекеттердің басым көпшілігі танып отыр; оған 50 мемлекет, соның ішінде де «Батысевропалық одаққа» қатысушы барлық елдер—Франция, Англия, Италия, Бельгия, Голландия, Люксембург, сонымен қатар Германия қол қойды немесе қосылды.

Женева протоколында былай деп көрсетілген: «соғыста тұншықтаратын, улы немесе басқа да сондай газдар, сондай-ақ бұған ұқсас әртүрлі сұйық заттар, улы заттар мен процестер қолдануды мәліниетті дүниенің жұртшылық пікірі әділ айыптаған болатын». Протоколға қатысушылар, «халықаралық праваға кірген, халықтардың ар-оқпаны мен практикасына бірдей міндетті бұл тыйым салуды жер-жер-

дің бәрине таңу мақсатымен, өздеріне мынадай міндеттеме алды: олар «осы тыйым салуды мойындайды, соғыс жүргізудің бактериологиялық құралдарына осы тыйым салуды таратуға келіседі және өздерін бір-бірі жөнінде осы декларацияның шарттарымен байланыстымыз деп санауға өзара келіседі».

Женева протоколының қаулылары жөніндегі уақытта халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормалары болып табылады.

Женева протоколы дүниежүзілік екінші соғыста химиялық және бактериологиялық қару қолдануға жол бермеуге аса көрнекті роль атқарды. Жұртқа мәлім, өзінің басты басты қайраткерлерін халықаралық трибунал соғыс қылмыстылары ретінде соттаран тіпті гитлерлік үкметтің де химиялық және бактериологиялық қару қолдануға, Женева протоколын бұзуға батылы бармаған болатын.

Бірақ, осының бәрімен санаспастан, Париж келісімдері батысевропалық соғыс одағына қатысушы елдер, химиялық және бактериологиялық қару запарастарын жыйнақтап, бұл қаруды өз армияларының қару-жарағында пайдалана отырып, химиялық және бактериологиялық соғысқа әзірлік жүргізеді деп көзден отыр.

Мысалы, «Батысевропалық одақ» құру туралы Париж келісімдерінің № III протоколында: осы соғыс блогіне қатысушылар, атом қаруының запарастарымен қатар, химиялық және бактериологиялық қарудың запарастарын жасайды деп көрсетілген, ал Совет Үкметінің атом қаруы жөніндегі позициясы Францианың, Англияның және АҚШ-тың үкметтеріне жолданған тиісті ноталарда білдірілген болатын. Бұл запарастардың ішінде, жоғарыда көрсетілген протоколға II-ші қосымшада айтылғанындай, «соғыс мақсаттарына пайдалану үшін арнал жасалған тұншықтыратын, ұландыратын, тітіркендіретін, құрыстырып тастайтын, өсуге бөгет болатын, теріні бүлдіретін немесе катализдендіретін химиялық заттар», сонымен қатар «приборлар мен апаратура», соғыс мақсаттарына пайдалану үшін арнал жасалған зиянды жәндіктер немесе басқа тірі және өлі организмдер немесе олардың токсикалық бөлімдері болады».

Батысевропалық соғыс одағын құру туралы Париж келісімдерінің № IV протоколында, осы одаққа қатысушы мемлекеттер әскерлерінің санына сәйкес, белгілі

елдің территориясында химиялық және бактериологиялық қаруды жаппай өндіруді ұйымдастыру жолымен де, сондай-ақ шетелдерден сатып алу «соғыс материалдары жөніндегі сыртқы көмек» дейтіннің түрінде алу жолымен де бұл запарастарды арттыру көзделген.

Совет Үкметі Париж келісімдерінің химиялық және бактериологиялық қаруды, атом қаруымен қатар, батысгерманиялық армияға беретінін, бұл армияны құрудың осы келісімдерде көзделіп отырғанын ерекше ескертіп, сақтандыруды өзінің борышы деп санайды. Мұндай жағдай Европада халықтар үшін өзінің барлық ауыр зардаптарымен шексіз көп құрбандықтары болатын химиялық және бактериологиялық қырғын соғыстың қатерін күшейтпей қоймайды, мұның өзі халық өте жиі орналасқан европалық елдер үшін ерекше қауіпті болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Совет Үкметі «Батысевропалық одақ» пен Солтүстік-Атлантикалық блокке қатысушы елдер армияларының химиялық және бактериологиялық қаруды пайдалануы жайында Францианың Париж келісімдері бойынша өзіне алғалы отырған міндеттемелерінің «соғыста тұншықтырғыш, улы немесе басқа да сондай газдар мен бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салу туралы» 1925 жылғы 17 июндегі Женева протоколы бойынша Францианың алған халықаралық міндеттемелерімен сыйыспайтындығына Франция үкметінің назарын аударуды қажет деп санайды.

Совет Үкметі Францианың 1925 жылғы 17 июндегі Женева протоколын бұзумен байланысты оның өзіне елеулі жауапкершілік алатындығына Франция үкметінің назарын аударуды қажет деп санайды.

Мұндай мазмұндағы ноталарды Совет Үкметі сонымен қатар батысевропалық соғыс одағын құру туралы Париж келісімдеріне қол қойған Англия, Италия, Бельгия, Голландия және Люксембург үкметтеріне де жолдайды.

Совет Үкметі Француз үкметінен, 1925 жылғы 17 июндегі Женева Протоколының депозитарийі болғандықтан, осы нотаның көшірмелерін жоғарыда көрсетілген протоколға басқа да барлық қатысушыларға таратуды сұрайды».

Мұндай ноталар сонымен қатар Англия, Италия, Бельгия, Голландия елшіліктері мен Люксембург миссиясына да жолданды.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік хауіпсіздік комитетінің хабары

1954 жылдың жазында совет шекарасын бұзған американ самолетімен Эстон ССР территориясында өкі американ агенті парашютпен түсірілген болатын. Мемлекеттің хауіпсіздік органдары қолданған шаралардың нәтижесінде бұл шпиондардың біраз уақыттан кейін Эстон ССР аудандарының бірінде, орманның ішінде жасырынғаны анықталды. Шпиондарды ұстаған кезде бұлардың бірі қарумен қарсылық көрсетіп, атысу кезінде өлтірілді де, екіншісі қолға түсірілді. Тұтқынға алынған американ шпионының Кальво

сы бүлдіру әрекеттеріне арналған шпиондар мен диверсанттар даярланып жатқан арнаулы тышшылық мектептерінде үйрету үшін Америка Құрама Штаттарына алып кеткен. Нунн пен Тоомла жарты жыл бойы өкі мектепте оқытылған, мұның бірі Вашингтонның солтүстік-батысында 40 километр жердегі Пулевилл дейтін жерде, ал екіншісі — Вашингтонның оңтүстік-батысында 30 километр тұратын Фэйрфэкс дейтін жерден 5-6 километр жерде болған.

1953 жылғы декабрьде Нунн пен тартуға, сонымен қатар Эстон ССР-нің территориясында американ разведкасы Совет Одағына жібермекіні болып отырған басқа шпиондарды қабылдауға жарамды жерлер тауып қоюға тапсырма алған.

Нунн пен Тоомла жыйналған шпиондық мәліметтерді американ тышшылық орталығына радио арқылы беріп тұруға, сонымен қатар бұл мәліметтерді почта арқылы жіберілетін хаттарда құпия жазумен хабарлап тұруға тиіс болған, бұл үшін американ тышшылары оларға мы-



# Малды қыстан шығынсыз, күйлі шығаруға қамқорлық күшейтілсін

## ★ Кажырлы еңбек

Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары (Петропавл ауданы) қоғамдық мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының табысты саласына айналдыру жолында кажырдылықпен еңбек етіп келеді. Колхозшылар Асанов МТС-нің мал маман дарымен бірлесіп отырып, мал санын көбейтуде, оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болды. Мұнда 1953 жылмен салыстырғанда 1954 жылы сыйыр малы 12 процент, оның ішінде сауын сыйыр 22 процент, шошқа 200 процент көбейді.

Мал өсірушілер мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда бірқатар жұмыстар істеді. Колхозда мал өнімін мемлекетке тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Колхоз мемлекетке мыңдаған килограмм ет және 65 мың литр сүт сатып, бұдан ақшалай 365 мың сом табыс алды.

Мал өнімділігінің арттырылуы колхоздың 1955 жыл үшін мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруға ұйымшылдықпен қарсына мүмкіндік беріп отыр. Кәзірдің өзінде колхоз мемлекетке 100 центнер сүт пен ет тапсырды.

Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы фермаларды мал күтуде тәжірибесі бар алдыңғы қатарлы колхозшылармен толықтырып, олардың қажырлы еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызды. Кәзіргі уақытта фермаларда өз ісін сүйіп істейтін және мал күтуде тәжірибесі бар колхозшылар ғана еңбек етеді. Бұл уақытқа дейін қарама фермасын Степанов басқарып келген. Ол малшылардың еңбегін ұйымдастыруда елеулі көмшіліктерге жол берді. Мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген колхозшылардың еңбегі дұрыс есептеледі. Быйыл бұл көмшіліктерді болдырмау үшін ферманы басқаруға коммунист Борисов жолдас белгіленді. Ол малшыларды қажырлы еңбекке жұмылдырып, олардың өнімді жұмыс істеуіне күнбе-күн жағдай жасап отыр. Мұның өзі мал өсірушілердің еңбекке деген ынта-жігерінің арта түсуіне мүмкіндік жасап, мал шаруашылығында озаттар санын көбейтті.

Мәселен, сауыншы Вера Бутакова жолдас өткен жылы қарауындағы 12 сыйырдың орқасысынан 1650 литр орнына, 1850 литр сүт алған болатын. Ол быйыл әрбір сыйырдың 2 мың литр сүт алу үшін малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай күтіп, азықтандырады. Мұнымен бірге Бутаков жолдас сыйырдың құнарлылығы кәзіргі уақытта жазғы маусымдағыдан кеміп кетпеу үшін күресуде.

Жақында колхоз басқармасы мал өсіруде жоғары көрсеткіштерге ие болған колхозшыларға қосымша еңбекке берді. Сауыншы Бутакова жолдас қосымша еңбекке ақыға 500 литр сүт алса, шошқа өсірушілер апалы-сіңлілі Мамышевтар төрт торай алды. Ал жылқышы Қараев жолдасқа қосымша ақбаға бір құлын берілді.

## ★ Малды азықтандыру тәртібі бұрмалануда

Кәзір малдың қораға тұрғанына үшінші ай. Бірақ Полудень ауданы колхоздарындағы мал қыстату әбігері бұрынғыдан да ұлғая түскен. Көп фермаларда мал ақтудың жұмыс күні тәртібі жасалмаған, мал жайлаушылар жеткіліксіз. Жемшөп қоры аз. Солай бола тұрса да, бұл жайында не колхоз председатели, не зоотехниктер, не МТС директоры жаңа шаралар ойластырмайды. Осы күнге дейін, аудан колхоздарында сабанды, ірі сабақты жемшөпті малға алдын-ала әзірлеп беру ісі ұйымдастырылмаған. Сондықтан өзі тапшы дайындалған мал азығының көпшілігі ысырапқа ұшырауда.

Мал азығын дайындап беру, оны нормалы мөлшерде жұмсау ісі, әсіресе Ново-Георгиев МТС-і қамтуындағы колхоздарда бетімен жіберілген. Бұл колхоздарда 12 азық буландырығыш бар, бірақ осыған небары 5 азықбуландырығыш ғана жұмыс істейді, яғни МТС қамтуындағы 9 колхоздың төртеуінде ғана азықбуландырығыш жарамды, қалғанында бар аппараттар болымсыз себептермен іске қозғалмай тұр.

Азықбуландырығыштың жұмыс істемеуінің кесірінен колхоздарда өткен үш ай ішінде малға берілген 12.500 центнер сабанның 900 центнері ақ буландырылған. Бұл іске басты кінәлілер МТС басшылары екенін атап айту керек. Өйткені қай колхоз болсын азықбуландырығыш машиналарды пайдалануға, сабанды дайындау түрінде беруге ынталы. Бірақ осы талап көпшілік жағдайда, МТС басшыларының кінәсінен іске аспай қалып отыр. Мысалы, «Прогресс» колхозының азықбуландырығыш алғанына үш ай уақыт өтті. Одан не пайда, сол азықбуландырығыш әлі күнге орнатылмаған. МТС-тің ауыр жұмыстарды механикаландыру жөніндегі механигі Александров жолдас осы колхозда бірнеше рет болса да, азықбуландырығышты орнатып беруге мойын бұрған емес. Осы себепті колхоз үш ай бойына 2800 центнер сабанды малға сол күйінде беруге мәжбүр болды.

Мал азығын әзірлеп беру ісі ауданның Полудень МТС-і қамтуындағы колхоздарда да осыған ұқсас. Сонымен бірге бұл колхоздарда жемшөпті үнемдеп жұмсау жөнінде теріс түсінік пайда болған. Атап айтқанда, олар жемшөпті малға нормадан кем беру арқылы «үнемдеуге» кіріскен. Мысалы, Сталин атындағы колхоз осы «әдіспен» 1509 центнер шөп үнемдеген. Әрине, бұл залалды әдіс мал өсіруге әлден-ақ зардабын тигізді. Үш ай ішінде ондаған мал шығынға ұшырады.

Колхозбен қотанас орналасқан МТС басшылары, директор Лосев, аға зоотехник Влжин жолдасар бұл жағдайды біле-тұра оны жоюға бағытталған ешбір шара қолданбай отыр. Сондықтан мұндай залалды практика осы МТС қамтуындағы «Полудень» Ленин атындағы Чапаев

мадан кем беру арқылы 1000—100 центнерден шөп «үнемдеген».

Ал Ново-Георгиев МТС-нің қамтуындағы «Нобеда» колхозы жемшөпті қыс күнінде сыйырларды далаға шығару арқылы үнемдемек болған. Мұнда әлі күнге сыйырлар далада жайылымда бағылуда. Осының салдарынан мал күрт жүдеп, олардың құнары төмендеді. Колхоздың 90 сауыл сыйырынан 84 сыйыр саулып кеткен. Мал өлімі бар.

Жоғарыда аталған көмшіліктермен бірге ауданның бірқатар колхоздары жемшөп ысырабына жол беріп отырғанын атап көрсету керек. Мысалға «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозын алайық. Мұндағы барлық дайындалған жемшөп марга айына дейін ғана жетеді. Бұл жағдай колхоз басқармасының, ферма меңгерушілерінің азықты нормалап жұмсау және әзірлеп беру жөніндегі жауапкершілігін арттыра түссе керек еді. Кәзіргі жағдайы бұл талапқа керісінше.

Колхозда малға жемшөпті тіпті өлшеп беріледі, ірі сабақты жемшөптерді, сабанды турап, буландырып беру ісі ұйымдастырылмаған. Сондықтан көптеген салынған шөп-сабан малдың аяғына басылып ысырап болуда. Тек өткен декабрь айы ішінде ғана колхозда 356 центнер шөп нормадан артық жұмсалған. Бұл санды хауіп туғызатын отыр. Солай бола тұрса да, колхоз председатели Слуцкий жолдас әлі де жайбаракаттыққа салынууда. Осы күнге дейін ол не фермалардың жемшөпті белгіленген норма бойынша жұмсауына шара қолданған жоқ, не жемшөптің қосымша резервтерін қарастырған жоқ.

Полудень ауданы колхоздарының басым көпшілігінде мал қыстату ісіне жаңды басшылық, қырағы бақылау жоқ. Көпшілік колхоздарда мал азығының нормалы берілмейтіндігі, азықтың буландырылмай, туралынбай сол күйінде берілетіндігі—барлығы да осыдан. Колхоздарда малға азықты нормадан төмен беріп, жемшөп үнемдеу сияқты теріс практиканың орын алуын да МТС, аудан басшыларының мал қыстату ісіне бақылау жасамайтындығынан деп білу керек.

Өткен айдың ішінде ғана аудан колхоздары бойынша малға 10 мың центнер жемшөп нормадан кем берілген. Мал азығының бұлайша кемуінен малдың қоны төмендеп, оның ақыры шығын болуға өкп соқты. Мұны аудан басшылары «қысты күні мал шығынсыз болмайды» деген сылтаумен «дәлелдегісі» келеді.

Мал қыстатудың кәзіргі жайы ең алдымен ауданның партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының бұл іске басшылықта жіберіп отырған қателіктерін тез жоюды, фермаларда малдың нормалы мөлшерде және туралы, буландырылған, нәрлендірілген азықпен қамтамасыз етуіне жетісуді талап етеді.

## Ленинград комсомолецтері жаңадан қоныстанушыларда қонақта болды

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Ленинград комсомолецтері жаңадан ұйымдастырылған «Дружба» совхозында бірнеше күн қонақта болды. Қонақтар жаңадан қоныстанушыларға тартулар әкелді. Көптеген жаңадан үйленушілерге олардың әкелген мебельдері, ыдыстары үйлесімді болды. Ленинградтықтар көркем өнерпаздықпен әуестенушілерге аккордеон мен баян әкеліп сыйлыққа тартты. Жону станогі мен әртүрлі аспаптар жыйынтығы ең қымбатты сәлемдеме болды. Бұларды жөнлеушілерге тапсырып жатып, Ленинградтық Смольный ауданының комсомолецтерінен келген делегат Антонина Солнцева былай деді:

—Бұл станок пен аспаптарды біз үнемделген қаржы есебінен өз жұмысымен жасадық. Жаңа жерлер игеру жолындағы сіздердің жүрестеріңізге қатыса алғанымыз үшін бақыттымыз. Біз алдағы уақытта да бұл істе сіздерге көмектесетін боламыз.

Ленинградтың Петроград, Сталин, Жданов, Смольный аудандарының комсомол ұйымдарының делегаттары мұнымен қатар Восточный, Ленин, Неженский, Западный, Ленинград, Жаркөл совхоздарында қонақта болды. Қонақтар көпше Ленинградқа аттанды. Бұлармен бірге жаңа совхоздардың делегаттары да Ленин қаласына жүріп кетті.

## Тұрақты жұмыс істейтін үгіт пункттерінде


Алматы облысында республиканың Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік өрістеді. Үгіт-бұқаралық жұмысқа тұрақты жұмыс істейтін үгіт пункттері белсене қатысуда.

Еңбекшіқазақ ауданының «Политотдел» ауылшаруашылық артелиінде мұндай үгіт пункті үш жылдан бері жұмыс істейді. Жергілікті педучилищенің оқытушысы коммунист М. Садықов оған көптен басшылық етіп келеді. Үгіт коллективі бұл уақыттың ішінде екі есе өсті. Кәзір ол 60 коммунистерді, комсомолецтерді, колхоз активистері біріктіріп отыр. Үгіт коллективінің жұмысы кәзір тікелей бригадаларға көшірілген. Үгітшілер К. Сянева, Е. Гейко, В. Белоусова, Н. Руденко, В. Жижлова сайлаушыларға советтік қолдау және мемлекеттік құрылыстың артықшылықтары туралы әңгіме өткізеді, оларды сайлау туралы Ережемен таныстырады.

Түрген селосының орталығында орналасқан үгіт пунктінің үйінде халық әрдайым көп болады. Колхозшылар мұнда лекция, баяндама тыңдауға жыйналады. Колхоз партия ұйымының секретары В. Левинский «Совет Одағының Коммунистік партиясы—совет қоғамының ұйымдастырушы және бағыт беруші күші» деген тақырыпта лекция оқыды.

Облыстың ауылдары мен селоларында кәзір тұрақты жұмыс істейтін жүздеген аса үгіт пункті жұмыс жүргізуде. (ҚазТАГ).

## Теміржолшылардың селоға



Көкшетаудағы дәрігерлік училищеде медициналық сестралар мен фельдшперлер даярланып шығады, олар жаңадан ұйымдастырылған совхоздардағы дәрігерлік мекемелерде жұмыс істейтін болады. Кәзір мұнда 200-ге тарта адам оқиды.

СУРЕТТЕ: медициналық сестралар тобының комсомолецтері (солдан оңға қарай) А. Гринчай, А. Жұсыпова, Г. Отт, В. Чечерина мен З. Олейник сабаққа өз беттермен даярланып отыр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы)

## Жалпыға бірдей білім беру—мемлекеттік маңызы зор іс

Біздің облысымызда өз қамтуындағы елді пункттердегі мектеп жасындағы балаларды түгелдей оқуға тартып отырған мектептер көптеп саналады. Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің оқытушылар коллективі бұл жұмысты жүзеге асыруда айтарлықтай табыстарға ие болды. Кәзіргі уақытта бұл мектептің қамтуындағы елді пункттерде оқу жасындағы балалар түгелдей оқуға тартылған. Мектепте материалдық тұрмыстары нашар оқушылар үшін арнаулы қаржы қоры ұйымдастырылған. Осының есебінен оқушылар үшін қысқы киімдер, оқу құрал-жабдықтары әперіледі. Сол сияқты Совет ауданының жергілікті партия, совет ұйымдары да жалпыға бірдей білім беру ісін жүзеге асыруда үлгілі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл аудандағы 47 мектептің барлығы жалпыға бірдей білім беру жөніндегі заңды орындауға жетісіп отыр.

Жалпыға бірдей білім беру ісінің ойдағыдай жүзеге асырылуы жергілікті партия, совет ұйымдарының бұл жұмысқа қаншалықты басшылық етіп отыруына байланысты екендігі тәжірибеде дәлелденген. Бірақ әлі де болса көптеген партия және совет ұйымдары мектеп жасындағы балаларды жалпы оқуға тарту ісіне басшылық етуді өз назарларынан тыс қалдырып келеді. Осының салдарынан облыстың бірқатар аудандарында үстемдегі оқу жылының алғашқы жартысында 700-ден астам оқушы ешқандай себепсіз оқуды тастап кетті. Бұл жағдай, әсіресе, Октябрь және Ленин аудандарында көптеп орын алып отыр.

Бізде көптеген орта мектептер бірнеше елді пункттерді қамтыды. Оқушылардың сабақты ойдағыдай үлгеруі үшін басқа

мейді деген сөз. Міне, нақ осындай себеппен алғашқы жартыжылдықта 20-ға жуық оқушы оқуды тастап кетті.

Облыс мектептерінде соңғы уақытта қазақ қыздарының оқуды тастап кетуі сияқты фактілер көбірек орын алып отыр. Устемдегі оқу жылының аяқталғандықтан 16 қазақ қызы ешқандай себепсіз мектепті тастап кеткен.

Ал бұл істің жүзеге асырылуында жергілікті жерлердегі денсаулық сақтау орындарына да зор міндет жүктелді. Олар оқушылардың денсаулығын күндедікті бақылап, олардың түрлі ауруларға ұшырауына жол бермеулері керек.

Жалпыға бірдей білім беру мәселесі бәрінен бұрын мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының жоғары дәрежеде жүргізілуіне байланысты екендігі мәлім. Қай жерде мектеп басшылары мен жергілікті халық ағарту органдары тарапынан мектептегі оқу-тәрбие жұмысына басшылық нашарлатылса, оқушылардың ата-аналары мен мектептің оқытушылар коллективі арасында тығыз ынтымақ болмаса, мұндай жерлерде жалпыға бірдей білім беру ісін жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған қарамастан көптеген мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарының қанағаттанғысыз болуы сияқты фактілер кеңінен орын алып отыр. Бұған мысал ретінде Петропавл, Преснов аудандарының мектептеріндегі оқу үлгерім көрсеткіштерінің өте төмен дәрежеде екендігін айтып өтуге болады. Әлі де болса облыстың бірқатар мектептерінде оқытушылар коллективі мен оқушылардың ата-аналары арасында тығыз ынтымақты жұмыс жеткілікті дәрежеде жүргізілмей отыр.

Жалпыға бірдей білім беру туралы заң

арттыруда бұдан да зор табыстарға жету-ге міндеттеме алды.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу және мал шаруашылығында зор табысқа жету жолындағы Конохов ауданындағы «Красная крепость» колхозындағы колхозшыларының үндеуі бұл колхоздың мал өсірушілер арасында зор еңбегін туғызды. Олар бұл шақыруға жауап ретінде қыс кезінде бірде-бір малдың шығынына жол бермеуге, әрбір сыйырдан орта есеппен 1700 литр сүт алуға, әрбір қойдан 4-5 килограмм жүн қыркуға, әрбір мезгілінен 15 торап өсіруге, мал шаруашылығының ақшалай табысын жарты миллион сомға жеткізуге міндеттеме алды.

Ворошилов атындағы колхоздың мал өсірушілері қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, жана табыстарға не бола береді.

### 3. ҚАСКЕЕВ.

В. И. Ленин монополиялардың жоғары монополиялық бағалар белгілеп, орташа пайдадан дәуір жоғары монополиялық көп пайда алуға тырысатынын көрсетті. Монополиялардың үстемдігі мейлінше көп пайда алуға объективтік жағдай туғызды. Бұл көп пайданың есебінен монополиялар ұдайы өндірістің жеңейтуін қамтамасыз ете алады, орасан зор кәсіпорындар арасындағы бәсекелік қатты күреске төтеп беріп, өздерінің үстемдігін сақтап қала алады. Жұмысшы табын қанауды, шаруаларды және ұсақ өндірушілердің басқа топтарын талауды, шеңбе капитал шығаруды күшейту, колонияларды басын алу империалистік соғыстар жүргізу негізінде монополиялар тек өздеріне тиетін көп пайда түсіреді. Лениннің осы түпкі қағидаларына сүйене отырып, Сталин осы күнгі капитализмнің негізгі экономикалық заңының басты-басты белгілері мен талаптарын тұжырымдап көрсетті. Бұл белгілер мен талаптар: елдің халқының көпшілігін қанау, күйзелту және қайыршыландыру жолымен, басқа елдердің, әсіресе артта қалған елдердің халықтарын кіршіктендіруді түсіру және үнемі талау жолымен, ақырында, неғұрлым көп пайда түсіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын соғыстар жүргізу және халық шаруашылығын милитарландыру жолымен мейлінше көп капиталистік пайда алынуын қамтамасыз ету.

Осы күнгі капитализмнің негізгі экономикалық заңы капиталистік дүниенің дамуының бүкіл барысын белгілейді, империализмге тән, шешілмейтін қайшылықтардың сөзсіз өсіп шиеленісе беретіндігін түсінуге мүмкіндік беріп, капитализмнің іріп-шіруінің себептерін көрсетеді, оның тарихи орнын белгілейді.

### ИМПЕРИАЛИЗМНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Жалпы капитализм жөнінде және социализм жөнінде империализмнің алатын тарихи орнын анықтай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Империализм дегеніміз капитализмнің ерекше тарихи сатысы. Бұл ерекшелік үш түрлі: империализм дегеніміз (1) — монополистік капитализм; (2) — паразиттік немесе іріп-

Олардың әрқайсысы малға жемшенті бор-

### Мал өсірушілерге қамқорлық жоқ

«Новый путь» колхозының (Октябрь ауданы) басшылары мал өсірушілерге қамқорлық жасау, олармен біресе жұмыс істеу сияқты құрметті міндеттерін дұрыс атқара алмай отыр. Әрине, бұл артефактің мал шаруашылығын өркендетуге белгілі мөлшерде кері әсерін тигізген келеді.

Бұл қолхозда тосыннан қарағанда, барлық жағдай көңілдегідей сияқты. Колхоз председатели Тютюков жолдас:

— Бізде ферма жанында жақсы жабдықталған дем алатын үй бар. Оған радио-қабылдағыш қойылған, газет, журналдар келіп тұрады, — дейді.

Рас, ферма жанында «дем алатын үй» деп аталатын бөлме бар. Бірақ ол жөндемеген, жылытылмайды. Сондықтан оның

шіріп бара жатқан капитализм; (3) — өліп бара жатқан капитализм» (Шығармалар, 23 том, қазақ тілінде, 106-бет).

Монополиялар капитализмнің негізгі белгілерін жоймайды және жою алмайды. Капитализмнің монополиялық сатысында жалпы капитализмнің экономикалық заңдары күшін толық сақтайды, бірақ олардың әсері осы күнгі капитализмнің негізгі экономикалық заңы — мейлінше көп капиталистік пайданы қамтамасыз ету заңы бойынша белгіленеді. Сондықтан олар барған сайын апатты күшпен әсер етеді.

Империализм сатысында өндірістің қоғамдастырылуы капитализм тұсында мүмкіндігі болған шегіне жетеді. Монополиялар біріктірген ең ірі кәсіпорындар жүздеген мың адамдар еңбек етеді, шикізат қорлары, өнім өткізетін рыноктар есепке алынады. Монополиялар ғылыми кадрларды, маман жұмысшы күшін, өнер табыстарды өз қолдарына алады. Ең ірі банкілер елдің ақша қаражатына түгелінен дерлік билігін жүргізеді. Шаруашылықтың салалары арасындағы байланыс және өзара тәуелсіздік мейлінше күшейеді. Міне осы орасан зор өндіргіш күштер мен мүмкіндіктердің бәрі ескі өндірістің қатынастардың қысапында қалады. Капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сыйпаты мен өндіріс нәтижелерін иемденудің жеке меншікті капиталистік формасы арасындағы қайшылық — революциялық қонаршылықпен ұштасып, барынша күшейеді.

Империализм дегеніміз — өзінің дамуының жоғары сатысындағы капитализм. Бұл сатысында ол шығармалық тұйыққа кездесіп, жана, неғұрлым жоғары қоғамдық құрылыспен — социализммен ауыстырылуға сөзсіз тиісті болады.

Империализм дегеніміз — паразиттік немесе іріп-шіріп бара жатқан капитализм. Жеке меншікке негізделген монополиялар тұралауға, іріп-шіруге бастамай қоймайды. Мейлінше көп пайда алу мақсатын көздейтін болғандықтан, монополиялар өндіріс процесінде техникалық жаңалықтарды қолдануға үнемі мүдделі

(Өз тілшіміз).

есігін быйылдай ешкім ашып көрген емес.

Мал өсірушілер арасында социалистік жарыс ұйымдастыру, оның орындалуын тексеру, фермадағы озат малшылар У. Бондаренко, Е. Валенбаум сияқты жолдас-тардың іс тәжірибесін кең тарату — колхоз басшыларының ойына да келмеген жұмыстар.

Осымен бірге, колхоз председатели Тютюков пен бастауыш партия ұйымының секретары Гусев жолдасардың малды азықтандыруға сабақтың дұрыс дайындалып берілмейтіндігіне жасаған өтініштеріне мүлдем құлақ аспағандықтарын атап айту керек.

М. АХМЕТОВ.

болға бермейді. Өте көп уақытта олар техникалық прогреске өдейі бөгет жасайды. «Қайда қарасаң да, — деп жазды В. И. Ленин, — адам баласының дәуір шешуі толық қолынан келетін міндеттерге аяғыңды басқан сайын көздесесің. Капитализм келергі жасап отыр. Ол таудай байлықты құлы етті. Ол техниканың аса күрделі мәселелерін шешті — ал миллиондаған халықтың қайыршылығы мен қараңғылығынан, ат төбегіндей миллиондердің тонастық сараңдығынан техникалық жақсартуларды жүзеге асыруды бөгеді» (Шығармалар, 19 том, қазақ тілінде, 390-бет).

Капитализмнің іріп-шіруі паразитизмнің өсуінен көрінеді. Бұрын өндіріс процесімен байланысты болған капиталистер табы кәсіпорындарды басқаруды жалдамалы қызметшілердің қолына береді. Буржуазия мен помещиктердің басым көпшілігі раңтыге — бағалы қағаздарға иелік етіп, олардан түсетін табыспен паразиттік өмір сүретін адамдарға айналды. Бір-біріне мемлекеттер кіріптарылық заемдар арқылы, бәсекелестік елдерден орасан көп байлық алатын раңтыге — мемлекеттерге айналуда. 1929 жылы шетелдерге жұмсалған капиталдан алынған табыс сыртқы саудадан түсірілген барлық табыстан: Англияда жеті еседей астам, АҚШ-та бес есе дерлік асып түсті. АҚШ-та дивиденттер мен өсімдердің сомасы 1913 жылы 1,8 миллиард доллар болса, 1931 жылы 8,1 миллиард долларға жетті. Американың шетелдерге жұмсаған капиталдан алынған табысы 1946 жылдан 1951 жылға дейін үш есе дерлік көбейді.

Империализм тұсында милитаризм күшейеді. Онда ұлттық табыстың барған сайын көп бөлегі тонаушылық империалистік соғыстарды әзірлеуге және жүргізуге жұмсалады. Милитарландыру, соғыс орасан көп адамдарды айуандықпен қырығына ұшыратып, материалдық байлықтарды, мәдениет және ықсуство ескерткіштерін жоюға бастайтындығында финанс олигархиясының ешқандай ісі жоқ. Империалистер үшін соғыс — мейлінше

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Орынбор темір жолының Ақтөбе бөлімшесінің транспортшылары колхоздар мен МТС-терге қамқорлық көмегін күшейтуде. 230 темір-жолшы тұрақты жұмыс істеу үшін МТС-тер мен колхоздарға ауысты. Паровоз депосының коллективі Яйсаң МТС-нің мастерскойын жабдықтады, мастерской труппалар арқылы ыстық сумен жылытылды. Механизаторларға арналғп гайкалық кілттердің 70 комплектісін, слесарьлік құралдың 10 комплектісін, 6 металл қаржыртқыштар жасап берді.

Жол қызметкерлері «Социализм» ауыл-шаруашылық артелине мал қораларын салуға арнап 500 шпал, электр станция салуға арнап 15 тонна рельс, екі тонна цемент берді.

Колхоздарға 10 мыңнан аса кітап жеткізілді.

көп капиталистік пайда алудың ең маңызды әдістерінің бірі.

Паразитизмнің күшеюі жұмыссыздар армиясының ұлғайынан, материалдық өндіріс саласынан тыс жұмыс істейтін: қанаушылар табын күтетін, мемлекеттік аппаратқа, саудаға және басқа сондай орындарда істейтін адамдардың санының өсуінен көрінеді.

Империалистік буржуазия мейлінше көп пайданың есебінен жұмысшы табының аз ғана бір бөлегін сатып алады. Бұл, жұмысшы аристократиясы деп аталатындар — оппортунизмнің әлеуметтік негізі. Буржуазияның қолдауымен олар кәсіподақтардағы жоғарғы қызмет орындарын басып алуға тырысады, жұмысшы табын капитализмге қарсы революциялық күрес жолынан тайдыруға барлық үшін алғабай жұмсайды.

Империализм заманында капиталистік мемлекет — финанс олигархиясының диктатурасы. Мемлекеттік машина капиталистік монополияларға бағынышты; монополиялар оны мейлінше көп пайда алу, финанс капиталының өстемдігін нығайту мүддесіне пайдаланады. АҚШ үкіметіндегі басты-басты министрлік орындарда монополиялық капиталдың негізгі топтарының өкілдері — банкирлер мен өнеркәсіп иелері отыр. Қорғаныс министрі Чарльз Вильсон — Джeneral моторс фирмасының бұрынғы президенті және директоры. АҚШ-тың мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллес Стандарт ойл компани оф Нью-Джерси мұнай тресі басқармасының мүшесі, қалайы шығаратын аса ірі компания директоры болды. Ол бірнеше банкте директорылық қызмет атқарады. Сауда министрі Синклер Уикс-Морган тобының тікелей өкілі, Ферет нейшпал банк оф Бостонның бұрынғы директоры. Финанс министрі Джордж Хэмфри 30 дан астам компанияда директор болды. АҚШ-тың кәзіргі вице-президенті Никсон аса белгілі Джаннини банк тобымен тығыз байланысты. Американың монополиялық капиталы сөз болған жерде аты аталмай қоймайтын Гельсон Рокфеллер АҚШ президентінің сыртқы саясат мәселелері жө-

теп тұрған елді пунятке көлік ұйымдастырып жеткізудің зор маңызы бар. Соған қарамастан бірқатар колхоздар мен шаруашылық орындарының басшылары бұл жұмысқа мән бермей келеді. Мәселен, Подудень ауданындағы Красноперовск мектебінің оқушылары 9 километр жерден мектепке жаяу келеді. Осының салдарынан үстемдіктегі оқу жылының алғашқы тоқсаншының өзінде ғана 33 оқушы оқуды тастап жетуге мәжбүр болды. Бұл сияқты жағдай Соколов ауданындағы Налобин орта мектебінде, Петропавл ауданындағы Асанов жетіжылдық мектебінде де орын алған.

Бірқатар мектептің басшылары мен оқытушылар коллективтері мектепте жалпыға бірдей оқу қорын жасауға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мұның өзі материалдық тұрмысы нашар оқушыларға жеткілікті дәрежеде жағдай жасауға мән беріл-

міндегі арнаулы зәмекиісі болып тарап-тыналады.

Сөйтіп, монополиялық капитализм, Лениннің айтуынша, социализмнің мейлінше толық материалдық даярлығы болып табылатын мемлекеттік монополиялық капитализмге айналуда.

Империализмнің бір сыйпаты: оның тұсында капиталистік мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында демократиядан реакцияға бұрылыс жасалады. Жан-жақты саяси реакция империализмнің өзіне тән белгісі болып табылады. «Те-гіндегі капитализм, әсіресе империализм демократияны жалған үмітке айналдырады — ал сонымен қатар капитализм қалың көптің ішінде демократиялық талпынуларды тудырады, демократиялық мекемелер құрады, демократияны теріске сәу-шы империализм мен демократияға талпынушы қалың көптің екі арасындағы антагонизмді асығындырады» (В. И. Ленин, Шығармалар, 23 том, қазақ тілінде, 14-бет).

В. И. Ленин империализмнің өліп бара жатқан капитализм екенін көрсетті. Капиталистік системаның барлық қайшылықтары осы күнгі капитализмнің негізгі экономикалық заңының әсерінен шегіне жете шиеленісуде. Бұл қайшылықтардың басты-бастылары, И. В. Сталиннің көрсеткеніндей: еңбек пен капитал арасындағы қайшылық, империалистік державалар арасындағы қайшылық, колониялардың және тәуелді елдердің езілген халықтары мен оларды қанаушы империалистік державалар арасындағы қайшылық. Империализм — капитализмнің сондай саяси сатысы: оның тұсында пролетарлық революция, пролетариат диктатурасы болмай қалмайтын практикалық іске айналды. Империализм — социалистік революцияның қарсаңы.

В. И. Ленин империализм дәуірінде капиталистік елдердің экономикалық және саяси дамуының бірқелісіздігі заңын алғты. Бұл заң социализмнің алғашында бірнеше немесе тіпті бір елде жеңу мүмкіндігін және социалистік революцияның барлық цивилизациялы елдерде немесе

тербие жұмысын жақсарту мәселелері мен аудандық партия, совет ұйымдары үнемі шұғылданып отыруға тиіс. Бірақ көптеген аудандардың басшылары жалпыға бірдей білім беру мәселесін екінші кезекке қалдырып, мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуды еске алмауда.

Жалпыға бірдей білім беру мәселесі мемлекеттік маңызы бар зор іс. Сондықтан да жергілікті партия және совет ұйымдары аудан колхоздары мен совхоздарындағы мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға, жалпыға білім беру туралы заңды ойдағандай жүзеге асыруға нақтылы басшылық жасап отырулары керек.

Б. ФЕДЕНЕВ,

ҚКП облыстық комитеті мектеп бөлімінің нұсқаушысы.

бұл елдердің көпшілігінде бір жолы жеңуінің мүмкін еместігі туралы лениндік ілімнің түпкі тірегі болып табылады. Лениннің ашқан қағидасы марксизмді байтты, мы алға бастырды, және елдердің пролетариатына революциялық перспективаны ашып берді, пролетарлық революцияның салтанат құратындығына олардың сенімін нығайтты. Мұнымен бірге алғашында бір елде жеңген пролетарлық революция дүние жүзінде социалистік революцияның бастамасы, мұның әрі өрістетудің базасы болып табылады. Жеке елдің капиталистік системадан шығып қалуы, империализмнің шынжырының үзлуі капитализмнің жалпы кризисін бастайды, бұл кризис капитализмнің дүние жүзінде системасының, экономикасы да, саясаты да қамтыл-тын жан-жақты кризисі болып табылады.

В. И. Ленин ортүрлі қоғамдық системалардың — капиталистік және социалистік системалардың ұзақ уақыт бойына бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруінің мүмкіндігін және қажеттігін дәлелдеді. Өздерінің бейбітшілік үшін күрес жүргізуі дәйекті саясатында Совет Одағының және социалистік лагеріндегі басқа елдердің үкіметтері осы қағиданы негізге алып отырады.

Марксизм-ленинизм — өзгермейтін қорытындылар мен формулаларды танымайтын творчестволық ғылым, үнемі дамып отыратын ғылым. Лениннің еңбектеріне сүйене отырып, Сталин империализм туралы данышпандық лениндік ілімді оған әрі дамытты, капитализмнің осы күнгі жайына оны кәзіргі өзіне түгел қамтыған жалпы кризис жағдайында марксизм талдау жасады. Империализм туралы лениндік теория Совет Одағының Коммунистік партиясының және туысқан коммунистік партиялардың документтерінде, олардың басшыларының еңбектерінде оған әрі дамытылып байытылуда.

\*\*\*

Осы күнгі шындық өмірдің фактілері империализмге жасалған данышпандық лениндік талдауды толық дәлелдейді. В. И. Ленин ашқан экономикалық даму-

(Соңы 4-бетте).

### ИТАЛЬЯН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨЗІНІҢ ЖҮМЫСЫН АЯҚТАДЫ

РИМ, 14 январь. (СОТА). Кеше Римде итальян коммунистік партиясының ұлттық IV конференциясы аяқталды.

Қорытынды мәжілісте «Италия ауыл шаруашылығының кризисі және аграрлық реформа жолындағы, шаруалардың мүдделері жолындағы жүрес» туралы Руджеро Гриеконның баяндамасы жөніндегі жарыссөздің жалғасы болды.

Қорытынды сөз сөйлеген Пальмиро Тольятти былай деп мәлімдеді: соғыс өрті тұтандырушыларға қарсы, атомдық қатерге қарсы, Батыс Германияны қаруландыру туралы қарарларға қарсы жүресу Италияның коммунистік ұйымдарының негізгі міндеті болуға тиіс.

Конференция сонымен қатар мандат комиссиясының баяндамасын тыңдады.

Қорытынды мәжілісте конференцияға қатысушылар қаралған мәселелер жөніндегі қарарлардың жобаларын талқылап, мақұлдаған. Конференцияға қатысушылар Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құттықтауына жолданатын жауап хаттың текетін бірауыздан мақұлдады.

### АТОМ ҚУАТЫН БЕЙБІТ МАКСАТТАРҒА ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ

НЬЮ-ЙОРК, 14 январь. (СОТА). Баспасөзде бұдан бұрын хабар етілгеніндей, Бас Ассамблеяның IX-шы сессиясында 1954 жылғы 4 декабрьде «атом қуатын бейбіт мақсаттарға қолдануды дамытудағы халықаралық ынтымақ» деген қарар бір ауыздан қабылданған болатын. Бұл қарар 1955 жылғы августтан кешікпей атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану мәселелері жөнінде халықаралық конференция шақыруды көздейді. Осы конференцияны шақыруды әзірлеу үшін Бас Ассамблеяның қарары мен СССР, АҚШ, Англия, Франция, Бразилия, Индия және Канада өкілдерінің құрамында консултациялық комитет құрылған. Бұл комитет жоғарыда көрсетілген конференцияны ұйымдастыру мәселелері жөнінде БҰҰ Бас секретарына өзінің қорытындыларын беруге тиіс.

Бас секретарь алдын-ала қарасқан документтерден көрініп отырғандай, алдағы конференцияның жұмысында атом реакторларын жобалау және пайдалану сонымен қатар атом қуатын өнеркәсіпте өндіру технологиясы сияқты мәселелері қарауға баса күш салу көзделіп отыр. Мұнда алынған мәліметтер бойынша, консултациялық комитет өзінің жұмысын 17 январьда бастайды.

### КОНГРЕСТІҢ АТОМ ҚУАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БІРІККЕН КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ КОУЛДЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-ЙОРК, 14 январь. (СОТА). Конгрестің атом қуаты мәселелері жөніндегі біріккен комиссиясының мүшесі республикашы Коул (Нью-Йорк штатынан) Нью-Йоркте былай деп мәлімдеді: бейбітшілікте тек дипломатияның көмегімен ғана қамтамасыз етуге болады.

Совет Одағында атомдық техниканың дамытылып отырғанына назарын аударып, Коул Совет Одағында атом қаруды да және техникалық сапасы жоғары реактив бомбардировщиктер де бар деп

### Францияның Ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 14 январь. (СОТА). Ұлттық жыйналыстың 1955 жылға арналған бюросы құрылды, онда 6 вице-председатель, 16 секретарь және 3 вестор бар.

Өткен жылдағыдай француз коммунистік партиясының парламенттік советі бюросы 3 өкіл: Андре Мерсье — вице-председатель және Ивонна Энталли, Альфонсе Дени — секретарьлар болып сайланды. Ұлттық жыйналыс секретарьларының бірі болып прогресшіл республикашылар одағының мүшесі Пьер Менье сайланды.

Егер МРН партиясының мүшесі Раймон Лоран орнына социалист Лажостың вице-председатель қызметіне тағайындалғанын есепке алмасақ, бюросының құрамында тұтастай алғанда елеулі өзгерістер болған жоқ.

Социалистердің парламенттік тобының дауысқа қою қарсаңында болған мәжілісінде коммунистік партияның бас секретары Ги Молле және оны қолдаушы депутаттар басшы комитеттің директивасын орындауды талап еткен, ал бұл директива Батыс Германияны қаруландыруға қарсы шығып отырған 18 «тәртіпсіз» депутат - социалистердің өртүрлі парламенттік комиссияларға социалистер өкілдерін тағайындауға қатысуына тыйым салған болатын.

Бірақ бұл директиваны депутат-социалистердің көпшілігі қабылдамай тастады. Парламенттік топ «жазаланған» депутаттардың Ұлттық жыйналыстың комиссияларына социалистерді тағайындауға қатысуына рұқсат берілісін деп 47 дауыспен қаулы алды, 26 дауыс бұған қарсы болды, 11 дауыс қалы қалды.

Ол ол ма, өткен жылғы 30 августа «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы дауыс берген Лажостың кандидатура-

сы Ұлттық жыйналыстың вице-председателі қызметіне ұсынылды.

Бұдан кейін Париж келісімдеріне қарсы дауыс берген депутат. Бұл көпшілік дауыспен сыртқы істер комиссиясының құрамына ұсынылды, ал Ги Моллені жақтаушылардың бірі — герман милитаризмін қалпына келтіру жоспарларын қорғаған сөздерімен мәлім болған депутат Ле Бай тұңғыш рет сайланбай тасталды. «Юманите» газетінің көрсеткеніндей, Ле Байдың кандидатурасына қарсы дауыс берген социалистер Ұлттық жыйналыстың бөлімдерінде былай деп мәлімдеген: Ле Байдың жеңіліске ұшырауы оның Ұлттық жыйналыста Париж келісімдерін бекітуді жақтап сөйлеген сөзінің тікелей салдары болып табылады.

Ги Молле мен оны жақтаушылардың наразылықтарына қарамастан, социалистердің парламенттік тобы Ұлттық қорғаныс комиссиясының мүшесі және жалпыға бірдей сайлау правосының мәселелері жөніндегі комиссияның мүшесі қызметіне «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы және «батысевропалық одақ» құруға қарсы дауыс берген Макс Леженді кандидат етіп ұсынды.

Газеттердің хабарына қарағанда, Батыс Германияны ремилитарландыру жақтап отырған бірқатар депутат-социалистер парламенттік топтың мәжілісінен кетіп қалуға мәжбүр болған.

Француз баспасөзі социалистердің парламенттік тобының мәжілісін Ги Молленің және Германияны қаруландырудың коммунистік партиядағы басқа да жақтаушыларының елеулі жеңіліске ұшырағандығы, сонымен қатар бұл партиядағы басшы комитеттің саясатына күшті наразылық жасалып отырғандығының нәтижесі деп бағалауда.

### БЕЛЬГИЯ ПАРЛАМЕНТІНДЕ

#### ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ ТАЛҚЫЛАНУЫ

БРЮССЕЛЬ, 14 январь. (СОТА). Кеше Бельгияның депутаттар палатасында Лондон мен Париж келісімдерін бекіту туралы заң жобасы жөніндегі дискуссияның жалғасы болды.

Қорытынды мәжілісте сыртқы істер министрі Спаак шығып сөйледі, ол атап айтқанда былай деп мәлімдеді: Франция мен Батыс Германияда Париж келісімдерінің таңдыры қашан анықталғанға дейін Бельгия үкметінің бұл келісімдері бекіту туралы заң жобасын сенаттың қарауына енгізетін ниеті жоқ.

Лондон мен Париж келісімдерін бекіту туралы заң жобасы жөніндегі дискуссия

аяқталғаннан кейін, бұл заң жобасы бойынша дауысқа қою 20 январьда өткізіледі деп жарияланды.

Депутаттар палатасындағы 3 күнді жарыссөз батыс Германияны қаруландыру туралы келісімдері қабылдауға тырысқан Бельгияның билеуші топтары әрекеттерінің тіпті оңшыл партиялардан сайланған көптеген депутаттардың елеулі абыржушылығын тудырып отырғанын көрсетті. Бұл абыржушылық, сөз жоқ, Бельгия халқының қалың топтарының герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы наразылығының күшейіп отырғандығының айғағы болып табылады.

### АҚШ пен Индия арасындағы авиациялық келісімнің күші жойылған

НЬЮ-ЙОРК, (СОТА). Жаңа авиациялық келісім жасасу туралы Индия мен АҚШ арасындағы келіссөздер тоқтал қалған, сондықтан АҚШ мемлекеттік департаменті өзінің мерзімі осы жылғы 14 январьда бітетін кәзіргі авиациялық келісімнің күші жойылғанын жариялаған.

АҚШ пен Индия арасындағы бұған дейінгі авиациялық келісім Индияның мүдделерін қатты бұзып келген, өйткені бұл келісім бойынша Индиядағы американдар

на Индия үкметінің тарапынан бақылау жасалмайтын болған.

Баспасөздің хабарларына қарағанда, жаңа келісім жасасу туралы келіссөздердің барысында Индия өзінің территориясында шетелдік самолеттер жасайтын тасымалды бақылау правосын талап етті, бірақ АҚШ үкметі бұл талаптарға келіспеген.

Келіссөздердің барысында американдар Индияның АҚШ-та зақаз берген транзиттік самолеттерінің Индияға жеңілдікпен өткенін талап етті.

### ҚХР-ДА ШЕТ ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛҒАН ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСЫЛЫП ШЫҒУЫ

ПЕКИН, 14 январь. (СОТА). Қытайда шетел тілдеріне аударылған әдебиеттердің мемлекеттік баспасының құрылғанына екі жылдан астам уақыт болды. Бұл уақыттың ішінде орыс, ағылшын, француз және неміс, сол сияқты Азия елдері халықтарының бірқатар тілдеріне 277 түрлі кітаптар мен брошюралар аударылды. Олардың ішінде Мао Цзэ-дун шығармаларының, Қытайдың басқа да басшылары еңбектерінің, Қытай Халық Республикасының құрылуына байланысты жыйнақтардың, сол сияқты елдің саяси және экономикалық қайта құрылуына арналған жыйнақтардың аудармалары, альбомдар және басқа шығармалар бар. Қытай әдебиетін шет тілдегі аудармаларын және Лу Синнің шығармаларын, ертедегі ақын Ли Сао өлеңдерін және Мин династиясы кезіндегі әңгімелер жыйнаған басып шығарумен қатар кәзіргі қытай жазушыларының кітаптары да баспадан шықты.

Баспа орыс, ағылшын және жапон тілдерінде «Халықтық Қытай» журналын және көркем суретті «Қытай» журналын шығарады.

1955 жылғы бұл баспа 95 түрлі кітаптар мен кітапшалар шығарады. Атап айтқанда орыс тілінде халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының материалдары баспадан шығады.

### ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОВЕТ ОДАҒЫНДАҒЫ ЕЛШІСІНІҢ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

ПЕКИН, 13 январь. (СОТА). Сяньхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Қытай Халық Республикасының председателі Мао Цзэ-дун Қытай Халық Республикасының СССР-дағы жаңа Төтенше және Полномочіелі Елшісі етіп Лю Сюоны тағайындаған.

Председатель Мао Цзэ-дун Чан Вэнь Тяньді Қытай Халық Республикасының СССР-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі міндетінен босатқан. Чан Вэнь Тянь өзінің сыртқы істер министрінің орынбасары ретіндегі міндетін орындау үшін таяудағы уақытта туған еліне қайтып оралады.

### АЛБАНИЯ МТС-ТЕРІ БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

ТИРАНА, 14 январь. (СОТА). «Зери и популит» газетінің хабарына қарағанда, жұырда Албания Ауыл шаруашылығы министрлігінде МТС-тердің басшы қызметкерлерінің кеңесі болған, онда елдің машина-трактор станцияларының 1954 жыл бойғы жұмыстарының қорытындысы және үстіміздегі жылдың міндеттері талқыланған. Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Мато Чомо баяндама жасаған.

Баяндамашы 1955 жылда МТС-тердің алдында тұрған міндеттерді айта келіп, бұл жылы МТС-тердің алдында зор көлемді міндеттер тұрғандығын, олар өткен жылы жұмсақ жерге айналдырғанда 163 мың гектар жер жұмыстаған болса, быйғы жылы 234 мың гектар жер жұмыстауға тиіс екендігін хабарлаған. МТС жұмыспен быйғы жылы 14 мың гектар алаңға егін себіледі және өткен жылғыдан 150 мың центнер артық баспадан



Алматы «Искра» ерікті спорт қоғамының мұз айдынында Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін алуға арналған конькишілердің жарысы болып өтті. СУРЕТТЕ: жарыс ашылған күнгі мұз айдынының жалпы көрінісі. (ҚАЗТАҒ-ТЫҒ ФОТОХРОНИКАСЫ).

### „Энергия“ ерікті спорт қоғамы

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет адамдарының мәдениетті дем алуын, олардың дені сау болуына үнемі қамқорлық жасап отырады. Жыл сайын біздің мемлекетіміз физкультура мен спортқа көптеген қаржы бөледі.

Кәсіподақтардың орталық комитеті «Энергия» ерікті спорт қоғамына стадион, спорт залын, волейбол, баскетбол алаңдарын салу үшін көптеген қаржы бөлді. Кәзір бұл құрылыстардың бәрі жұмысқа қосылып, оларда күн сайын көптеген спортпен әуестенушілер спорттың алуан түрлерімен шұғылданады. Өздерінің спорт шеберліктерін арттыру мақсатымен үнемі жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

«Энергия» ерікті спорт қоғамы спортшылардың санының көбеюіне, олардың спорттың әр түрін ойдағыдай меңгеруіне үнемі көңіл бөліп келеді. Бұл үшін арнаулы мамандығы бар тренерлер іріктеліп алынды. Олар стадионда, спорт залында жас спортшылармен жаттығулар жүргізді. Мұның өзі спортшыларымыздың спорттың алуан түрлерін айтарлықтай меңгеруіне мүмкіндік беруде.

Біздің спортшыларымыз қалалық, облыстық және республикалық спорт сайыстарына қатысып, онда жеңістерге ие болып келеді. 1953 жылғы футбол және хоккей командалары қала бойынша екінші орынға, конькишілер командасы үшінші орынға ие болды. Ал 1954 жылы «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшылары өздерінің спорт шеберліктерін анағұрлым жетілдіріп, спорт сайыстарында игі нәтижелерге ие болды. Қоғамның бірінші футбол командасы облыс чемпионы атқанын алып, республикалық футбол жарысына қатысу правосына ие болды. Қала бойынша футбол жарысында біздің футбол командаларымыз бірінші орынға шығып, қаланың ауыспалы қызыл туын жеңіп алды.

«Энергия» ерікті спорт қоғамы конференцияда айтылған мұндай әділ сындардан тісеті қорытынды шығарып, өзінің жұмысын кәзіргі қойып отырған талаптарға сай анағұрлым жақсарта береді. Сөйтіп, спортшылар қатарының өсуіне, жастардың жұмыстан бос уақыттарда стадиондар мен спорт алаңдарында мәдениетті дем алуына, олардың спорт шебер-

Волейбол командасы да облыстың кубогін жеңіп алды. Сол сияқты, спорттың басқа түрлерінен де спортшыларымыз жақсы нәтижелер көрсетті. Конькиші, Нохрин, шаңғышы Тарелкин, Глаев және басқа спортшылар спорт жарыстарында талай рет жеңіске ие болып, бірінші разрядты спортшы атағын алды.

Кәзір қоғамның хоккейшілері, шаңғышылары, конькишілері және басқа спортшылары жаттығулардан өтіп, қысқы спорттың түрлері бойынша қаланың басқа командаларымен кездесе бастады. Олар, сөз жоқ, бийылғы спорт сайыстарында да жақсы көрсеткіштерге жетіседі.

Жақында «Энергия» ерікті спорт қоғамының есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Конференцияда сөйлеген делегаттар қоғамның жұмысындағы кемшіліктерді орныды сынады. Олар, әресе, спорт жадықтарын алуға қоғамның жете көңіл бөлмей келгенін, кәзір спорттың кейбір түрлері бойынша спорт құралдарының жетіспеуін баса айтты. Сол сияқты, қоғам қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын өрте бастап қолға алмады. Шаңғы, коньки, хоккей секциялары спортшыларды көптеп қамтып, секциялардың жұмысын жандыруда бірқатар кемшіліктер жіберді. Мұның өзі қысқы спорт маусымының әзірліксіз басталуына өкелі соқты. Қоғамның командалары деркесінде қысқы спорт жарыстарына қатыса алмады.

«Энергия» ерікті спорт қоғамы конференцияда айтылған мұндай әділ сындардан тісеті қорытынды шығарып, өзінің жұмысын кәзіргі қойып отырған талаптарға сай анағұрлым жақсарта береді. Сөйтіп, спортшылар қатарының өсуіне, жастардың жұмыстан бос уақыттарда стадиондар мен спорт алаңдарында мәдениетті дем алуына, олардың спорт шебер-

рама Штаттарға қандай зардаптары тиетіндігіне назар аударып, былай деді:

«Егер АҚШ-тың мақсаты шын мәнісіндегі және баянды бейбітшілік болып отырса, онда қарудың тек өзі ғана бұл мақсатқа жету үшін жеткілікті бола алмайды; бұл атомдық қасырда бейбітшілікті... қорқақтық пен тыныштық орнатуға да, лайықсыз төкенилікке де ұмтылмайтын, баяу әсер ететін дана дипломатия жолымен ғана жеңіп алуға болады».

### ЭЙЗЕНХАУЭРДІҢ КОНГРЕСКЕ АРНАУЛЫ ХАТЫ

ВАШИНГТОН, 14 январь. (СОТА). Кеше АҚШ президенті Эйзенхауэр АҚШ конгресіне арнаулы хат жолдап, онда АҚШ қарулы күштері резервтерінің сапаны арттыруды ұсынған. Осы мақсатпен Эйзенхауэр: біріншіден, әскери міндет туралы мерзімді күші 1955 жылғы 1 июльде бітетін заңды төрт жылға ұзартуды;

екіншіден, «қарулы күштердің резервтерін нығайтуға» мүмкіндік беретін әскери оқудың кең программасын енгізуді және, үшіншіден, дәрігерлерді тіркеу және әскери қызметке шақыру туралы ережелердің мерзімді күшін екі жылға ұзартуды ұсынған.

## Империализм туралы лениндік теория

(Соңы. Басы 2-3 беттерде)

дың процестері, заңдылықтары, барлық бөталыстары империализмнің оған әрі дамуында барған сайын толық және айқын көрініп келеді.

Буржуазиялық экономистердің мәліметі бойынша АҚШ-та меншік иелерінің небәрі бір проценті елдің бүкіл ұлттық байлығының 59 процентіне иелік етеді, ал халықтың 87 проценті ең кедей топтарының сыбағасына ұлттық байлықтың небәрі 8 проценті тиеті. АҚШ-тың қара металлургиясында сегіз монополия үстемдік жүргізеді, бұлар 1952 жылы елдің болат өндіретін бүкіл өндірістік қуатының 84 процентін бақылап отырған. Автомобиль өнеркәсібінде небәрі үш фирманың, электротехника өнеркәсібінде екі фирманың, химия өнеркәсібінде бір концерннің, алюминий өнеркәсібінде бір концерннің шешуші маңызы бар. Басқа капиталистік елдерде де осындай.

Көзіргі уақытта финан капиталы шон жарларының аз ғана топтарының қуаты оған сайын өсті. АҚШ-та небәрі 66 орасан зор корпорациялар экономиканың барлық негізгі салаларын бақылап отырады. Бұл корпорацияларда басшылық орындарда отырған 127 адам істің шығында елдің бүкіл ішкі және сыртқы саясатын белгілейді.

Шеке капитал шығару бір топ өсімкөр-едердің бүкіл капиталистік дүниені финанстық қанауы системасының негізі болып қызмет етеді деп көрсеткен В. И. Лениннің бұл сөздерін капиталистік шындық өмірдің фактілері айқын дәлелдей отыр. Мысалы, 1914 жылы американдардың шетелдерге шығарған жеке меншіктік капиталдары 3 миллиард доллар болса, 1930 жылы 7,5 миллиард долларға, 1943 жылы 8 миллиард долларға жетті, ал 1953 жылдың аяғында американдардың шетелдердегі капиталдарының сомасы 16 миллиард доллардан едәуір асты. АҚШ-тың сауда министрлігінің органы— «Сарвей оф каррент бизнестің» мәліметі бойынша, 1947 жылдан 1953 жылға дейінгі уақыттың ішінде американдардың шетелдердегі капиталдары, қайталап жұмсаған капиталды қосқанда, 21 миллиард доллар шамасы көбейген. Көзіргі уақытта

АҚШ-тың шетелдердегі капиталдары Англияның, Францияның және басқа капиталистік елдердің бәрін қосып есептегенде, шетелдердегі капиталдарының жалпы сомасынан асып түседі.

Монополиялар шетелдерге шығарған капиталынан орасан көп пайда алады. АҚШ-тың сауда министрлігінің ресми мәліметтері бойынша, бұл пайда 1950 жылдан бастап, жыл сайын, шамамен айқанда, 2,2 миллиард доллар болып келген. Сол мәліметтер бойынша, 1952 жылдың өзінде америка капиталистері шетелдердің мұнай кәсіпорындарына жұмсаған 4,5 миллиард доллар капиталынан бір миллиард доллар пайда алған. Мұнай шонжарлары шетелдердегі капиталдарынан пайданы, Америка Құрама Штаттарының өзіндегідей үш есе дерлік көп алады.

Көзіргі жағдайда капитализмнің іріпшіруі және паразиттік күшейіп, мүкәтандық, жұмыссыздық, қымбатшылық, трестердің, милитаризмнің, саяси реакцияның қысымы ұлғаяды. Монополиялардың пайдасы өсуде. АҚШ-тың санақ бюросының мәліметі бойынша, барлық америка семьяларының 72,2 процентінің табысы ең болмашы күн көрерлік мөлшерден де аз. 1952 жылы Франция мен Италия жұмысшыларының нақтылы жалмақысы соғысқа дейінгі мөлшердің жартысынан кем, Англияда соғысқа дейінгі мөлшерден 20 процент кем болды. 1946—1953 жылдардың ішінде АҚШ-та соғыс шығындарының жалпы сомасы 250 миллиард долларға жуықтады. 1952—1953 бюджет жылында АҚШ-тың халқынан алынатын тікелей салықтардың өзі валютаның құнсыздануын есепке алғанда, 1937—1938 бюджет жылындағыдан 12 еседен аса көбейді. Фашизм, мажкантизм және тағы басқа дегендердің не екенін, дәріптеліп жүрген буржуазиялық демократияның қандай екенін еңбекшілер бұқарасы барған сайын іс жүзінде айқын көріп, білуде.

Капиталистік елдерде еңбекшілер бұқарасы капиталдың өзгісіне қарсы үздіксіз қажыры жүрес жүргізуде. Мысалы, АҚШ-та 1952 жылғы 5.117 ереуіл

өткізілді, оған 3,5 миллионнан астам адам қатысты; 1953 жылғы 5.100 етәчка өткізілді, оған 2 миллион адам қатысты, 1954 жылғы 3.450 ереуіл өткізілді, оған бір жарым миллион жұмысшы қатысты. Ереуіл жасаушылар жалақыны арттыруды, реакцияшылық заңдарды бұзуды талап етті.

Лениндік теорияның империализм дегеніміз — өліп бара жатқан капитализм дейтін басты және негізгі қорытындысын тарихи дамудың төрменді барысы барған сайын айқын дәлелдеуде.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі капиталистік системаның ығырауының басталуы, өндірістің жаңа, коммунистік әдісінің орынғуы, капитализмнің жалпы кризисінің алғашқы кезеңінің басталуы болды. Екінші дүниежүзілік соғыс империализмге жаңа соққы беріп, капитализмнің жалпы кризисінің екінші кезеңі болды.

Көзіргі уақытта жер жүзіндегі халықтың үштен бір бөлігінен көбі—900 миллионнан астам адам — қуатты бейбітшілік, демократия және социализм лагеріне бірігіп отыр. В. И. Лениннің көргендік сөздерін өмірдің өзі дәлелден келеді: «Россия, Индия, Қытай, т. с. — халықтың орасан көпшілігі болып табылады, міне сайын келгенде, күрестің нәтижесі осыған байланысты. Ал халықтың нақ осы көпшілігі соңғы жылдарда өзінің азаттығы жолындағы күреске адам айтқысыз тез тартылып отыр, сондықтан осы мағнада айтқанда дүниежүзілік күрестің түпкілікті шешілуі қандай болатыны туралы ешқандай күдік болуға тиіс емес. Осы мағнада айтқанда социализмнің түпкілікті жеңуі өлкен және сөзсіз қамтамасыз етілген нәрсесі» (Шығармалар, 33 том, қазақ тілінде. 503-бет).

Тарихи оқиғалардың барысын кері бұра аламын күн дүние жүзінде жоқ. Капиталистік елдердің еңбекшілер бұқарасы өдерін ауыр халден құтқару үшін, империализмнің бүкіл системасына қарсы ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін батыл күрес жүргізу жолына барған сайын белсеніп түсуде.

А. ПОЛЬЩИКОВ.

### РУМИНИЯ МЕН БОЛГАРИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІ

БУХАРЕСТ, 13 январь. (СОТА). 11 январьда Бухаресте Румын Халық Республикасы мен Болгар Халық Республикасы арасында 1955 жылғы товар алымын-берісу және төлемдер туралы сауда келісіміне қол қойылды.

Жаңа келісім екі елдің арасында сауданы ұлғайтуды көздейді. Румыния Болгарияға мұнай өнімдерін, машиналар, химия заттарын және басқа товарлар берді, ал Болгариядан бірқатар ауылшаруашылық өнімдерін, өнеркәсіп товарларын, рудалар, тағы басқаларын алатын болады.

### БАЛЫҚ АУЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ЖАПОН-ҚЫТАЙ КЕЛІССӨЗДЕРІ

ПЕКИН, 14 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Кеше Пекинде жапон балық өнеркәсібі ассоциациясы делегациясы мен қытай балық өнеркәсібі ассоциациясын құру жөніндегі дайындық комитеті өкілдерінің арасында кездесу болды.

### ЕГИПЕТ БАСПАСӨЗІ ТУРКИЯ-ИРАК КЕЛІСІМІН АЙЫПТАУДА

КАИР, 14 январь. (СОТА). Ирактың Нури Саид үкметінің ирак-туркия соғыс договорын жасасуға келіскені туралы хабар Египетте аңғу-ызамен қарсы алынды. Баспасөз Ирак үкметінің бұл қадамын бірауыздан айыптап, Туркиямен соғыс договорын жасасудың іс жүзінде Батыстың соғыс шараларына Ирактың қатысқандығы болатынын, ал бұған барлық араб елдерінің батыл қарсы шығып отырғанын атап көрсетуде.

Үкметке жақын «Аль-Гумхурия» газеті Египет топтарында ирак-туркия келісімдері «араб бірлігінің тарихындағы және елеулі оқиғаларға» ретінде бағаланып отыр деп жазаған. Нури Саид үкметі деп жазаған газет, араб мемлекеттерінің бірлігін бұзып отыр, Ирактың Туркиямен соғыс одағына қатысуға келісуі «араб елдерінің лигасы ұставының рухы мен өршіне қайшы келеді, өйткені бұл ұстав Ирак үкметін, араб елдерінің лигасын тұтас алғанда оның саясатына қатысы бар мұндай елеулі қадам жасаудан бұрын, ең болмағанда, басқа араб елдерімен алдың-ала консультация алысуға міндеттейді».

«Аль-Гумхурия» газеті былай деп атап көрсеткен: Нури-Саид үкметі «араб елдері лигасының шеңберінен тыс Туркиямен иарт» жасасу туралы қарар қабылдап опасыздық жасады, ал Туркия Солтүстік-атлантикалық договормен, сондай-ақ Пакистанмен жасалған договормен байланысты, міне бұл договорға Египеттен басқа араб елдерінің көпшілігі қарсы шығуда.

ші футбол командасы республика чемпионы атағына ие болып республика кубогін жеңіп алды.

А. БАЛАШОВ, «Энергия» ерікті спорт қоғамының председатели.

### Тау шаңғышыларының бүкілодақтық жарысы

Шымбұлақ паткалына Іле Алатауының жартасты шыңдары қоршап тұр. Тау еңістіктері мен аңғарларын қалың қар басып жатыр. Бұл жерде тау шаңғышылары үшін аса жайлы.

Шымбұлақ паткалында тау шаңғысы спорты бойынша жеке адамдар арасында Совет Одағында бірінші орын алу жарысы басталғалы екі күн болды. Бүгін ер адамдардың слалом бойынша жарысы өткізілді.

Слалом дегеніміз — таудан шаңғымен нақтылы белгіленген 650-700 метр жолмен сырғанап түсу. Қызыл көк жалаулардан бұл қашықтықта 50 қақпа қойылып, әрбір шаңғышы осы қақпалардың арасынан өтуге тиіс.

Халықаралық ережеге сәйкес быйыл алғашқы рет екі жол жабдықталған. Бір қашықтықтан екі рет сырғанап түсудің орнына, жарысқа қатысқан әрбір адамның бүгін екі жолдан өтуі керек.

Шаңғышылар әрбір 1,5—2 минуттан кейін мәреге шығады. Ұла қарларды бұрқыратып, шаңғышылар ойға қарай қатты зымырайды.

Бұл күні Динамо командасының өкілі москвалық Александр Филатов ең жақсы уақыт көрсетті. Екі қашықтықтың қорытындысы бойынша оның нәтижесі 1 минут 57,5 секунд болды. Сонымен, Филатов слалом бойынша елімізде бесінші рет чемпион атағын алды. Екінші орынға «Химик» қоғамының спортшысы ленинградтық Вячеслав Мельников ие болды, ол екі қашықтықтан 1 минут 58,4 секундта сырғанап өтті. Үшінші орында Совет Армиясының өкілі москвалық Сергей Шустов, ол Мельниковқа небары 0,4 секунд қана уақыт ұтқызыды.

Жарыс 19 январьда аяқталады. Редактор Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«АЖДАБАНЫҢ МҰРТЫ»

«БАЙДЖУ БАВРА»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-20 және 10-да басталады.

Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

### ҚАЛАДА ЖҮРУ ТӨРТІБІН САҚТАУ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК АВТОМОБИЛЬ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛА ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ ҮНДЕУІ

Көшенің орта бөлігі транспорттың жүріп, тұруына арналған және ол жерден жаю жүру адамдардың өміріне қауіп туғызады.

Жаяу адамдар тротуармен, ал тротуарлар жоқ жерлерде көшенің шетімен жүрулері керек.

Көше арқылы тек қана көшелердің түйіскен жерінен өту қажет. Көше арқылы шығарда ең алдымен сол жаққа, содан кейін оң жаққа қарап, көше арқылы өту қауіпсіз екендігін байқап алған жөн.

Байқаусызда жүріп келе жатқан транспорттың алдынан шықпаңыздар. Жүріп келе жатқан автомобильді дереу тоқтата қоюға болмайтындығын естен шығармаңыздар.

Автобус күткенде көшенің транспорт жүретін бөлігінде тұрмаңыздар. Автобуска отырарда және түсерде оның толық тоқтағанын күтіңіздер.

Жүріп бара жатқан транспортқа асылмаңыздар, баспалдағына асылып жүрмеңіздер, жүк автомашинасымен жол жүргенде оның бортына отырмаңыздар және бортта түреп тұрмаңыздар.

#### АТА-АНАЛАР:

Өз балаларыңыздың өмірін сақтаңыздар. Балаларыңызды көшеде бақылаусыз қалдырмаңыздар.

Балалардың көше ортасында түрлі ойындар ұйымдастыруына рұқсат етпеңіздер.

Балалардың жүріп бара жатқан транспортқа асылуына жол бермеңіздер.

Балаларды қауіптен сақтандырыңыздар. Көшеде жүру тәртібін өздеріңіз жақсы үйреніңіздер және сақтаңыздар, сол сияқты балаларыңызды да осыған үйретіңіздер.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39; газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00409

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.